



**АРМАН
АЛДАМАЙДЫ**

4-бет



**АЛАЯҚТАР
АЙЛАСЫН
АСЫРЫП
ЖҮР**

6-бет



КІТАПХАНАШЫНЫҢ КҮНӘСІ

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№60 (3591) 15 тамыз 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

КЕЛБЕТ

ТҰҒЫРЫ БИК ТУРА БИ




«Хан – қазық, би – тоқпақ» дейді қазақ. Мұнысы халықты бір ортаға ұйыстыру ханның құзырында болса, сол ұйысқан жұртты шашыратпай, бір байрақтың астында ұстап тұру бидің қолында дегенді аңғартса керек. Басына іс түссе, көңіліне алаң кірсе, ханға емес, биге барып көмек сұраған халықтың бұл дағдысы әділдік пен тура төрелікке деген қажеттілікпен астасып жатыр. Міне, сол әдет, сол үйлесім әлі де өзгерген жоқ. Бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің зайырлы халқы да заңсыздық көрсе, құқығы тапталып, қысымды сезінсе, ең алдымен, көмекті соттан күтеді. Ал сот азаматтар күткен үдеден шығуы үшін заң мықты, судьялар білікті болуы шарт.

Соттың жұмысы алақандағыдай айқын көрініп тұратындықтан, оған айтылар сын да, тағылар айып та, берілер баға да аз емес. Алғыс пен арыз қатар жүретін, жүктемесі көп, жауаптылығы жоғары бұл салада тек мамандығын сүйетін, өз ісіне берілген, қиындыққа қажымайтын, сынға сынбайтын азаматтардың ғана қалатыны сондықтан. Қазақстандық соттың мерейін өсіріп, мәртебесін арттырып жүрген де осындай өз ісіне шын берілген, өз кәсібіне адал, жанкешті судьялар. Ал біз сөз еткелі отырған Бек Әметов – осы қатарда топ бастап жүрген білікті қазылардың бірі. Сот құрылымының белді өкілі, саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып, құрылымды ілгерілету жолына өмірін арнаған төрағаның өмір жолы көпшілікке үлгі.

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЗАСЫЗДЫҚ ЖАҢА ҚЫЛМЫС ТУДЫРАДЫ



Менталитетімізге мүлде жат педофилизм бүгінгі таңда елімізде өзекті мәселеге айналып отыр. Бүгінде үкілеп өсіріп отырған балалардың жыныстық зорлыққа ұшырауы қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Жаһандану лаңкестік, экстремизм секілді қауіптермен қатар, осындай келеңсіздікті өмірімізге енгізді.

(Соңы 2-бетте)

САРАП

ОРТАҚ МҮЛІКТІ БӨЛУ – ӨТЕ ТАЛАСТЫ, КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

Отбасылық құндылықтарды дәріптеп, неке бұзудың теріс әсері туралы тұрақты айтылып келе жатқанымен, Қазақстандағы әрбір үшінші некенің біреуі бұзылуда. Ерлі-зайыптылардың екі жаққа кетуіне себеп көп. Көпшілігі тұрмыстық қиындықтан шаршағандарын, мінездерінің үйлеспегенін, үлкендердің теріс ықпалын, ішімдік пен нашаға бейімдікті, зорлық-зомбылықты алға тартып жатады. Сондай-ақ, кейінгі кезде ажырасуға жұбайының некеге адал еместігі, ойынқұмарлығы себеп болғанын айтатындар көбейді.

Ажырасудың салдары ауыр. Некенің бұзылуы елдегі әлеуметтік мәселелерді көбейтіп, толық емес отбасылардың санының артуына, қараусыз, қадағалаусыз балалардың көбеюіне ықпал етеді.

Ажырасқан отбасылардың дауы тек неке бұзумен бітпейді. Мұның соңы баланың кіммен қалатынын анықтау, ана мен балаға алимент өндіру, баламен кездесу уақытын белгілеу сынды күрделі сот отырыстарына ұласып жатады. Соның ішінде ерлі-зайыптылар арасындағы ортақ мүлікті бөлу – өте таласты, тым күрделі процесс.

Ерліміздегі ерлі-зайыптылардың мүліктік

қатынасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс шеңберінде реттеледі. Зайырлы, құқықтық мемлекеттерде отбасын құрған жандардың өзара ақылдаса, келісе отырып неке шартын жасауы, өзінің міндеті мен мүліктік игілігін алдын ала белгілеп алуы қалыпты жағдай. Бізде мұндай тәжірибе енді-енді жолға қойылып келеді.

Заңнамада көрсетілгендей, ерлі-зайыптылардың неке кезінде алған мүлкі бірлескен меншік болып табылады. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу қос тараптың бірінің талабы бойынша жүр-

гізіледі. Кодексте айқындалғандай, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен, зияткерлік қызметтің нәтижелерінен тапқан кірістері, олар алған зейнетақы, жәрдемақы; арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер, жылжитын және жылжымайтын мүлік; бағалы қағаздар, пайлар, салымдар; кредиттік мекемелерге немесе өзге де коммерциялық ұйымдарға енгізілген капиталдағы үлестер ортақ мүлік болып табылады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алынғанына немесе қайсысының ақша салғанына қарамастан, неке кезінде алынған мүлік екі тарапқа да ортақ мүлікке жатады. Тиісінше, мұндай мүліктер екі тарапқа теңдей үлеспен бөлінуі тиіс.

Сонымен бірге, ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанға дейін алған мүлкі бөлінбейтінін, ортақ мүлік санатына кірмейтінін есте ұстау керек. Бұған қоса сыйлық ретінде, мұрагерлік тәртібімен немесе неке кезінде басқа да өтеу-

сіз мәмілелер бойынша алынған мүліктер де бөлінбейді.

Сөзім негізсіз болмауы үшін сот тәжірибесінен мысалдар келтіргенім артық болмас. Мысалы, талапкер Таурат Б. деген азаматша бұрынғы күйеуіне талап арыз келтіріп, отбасылық одақ кезінде алған тұтынушы несие бірлігі төлеуді сұраған. Талап арызда көрсетілгендей, ерлі-зайыптылар 2018 жылы бірігіп «Банк ЦентрКредит» АҚ арқылы 7 млн теңгені 120 айға бөліп төлеуге несие рәсімдеп, келісім-шартқа отырады. Көрсетілген қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ мен ерлі-зайыптылар арасында 2018 жылы ипотекалық шарт жасалады, оған сәйкес, қарыз қаражатына сатып алынған даулы пәтер кепіл нысаны болып табылады. Қазіргі уақытта қарыз алушылардың банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелері әлі орындалмаған, қарыз және кепіл шарттары қолданыста.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЗАСЫЗДЫҚ ЖАҢА ҚЫЛМЫС ТУДЫРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Төбе шашынды тік тұрғызатын бұл азғындықты «мал құлағы саңырау» деп жасырып, байқамаған сыңай таныту – ақыл-есі бүтін қоғам үшін ауыр күнә. Мұның салмағы қылмыс жасаушының айыбынан да ауыр біле білгенге. Сонымен қатар бұл қылмысқа лайықты жаза алмау – азғындықтың көбейте беруінің бірден-бір себебі. Қазір осы жазасыздығына, жасаған қылмысы үшін оңай құтылатынына мастанған азғындар, тіпті, есіріп бара жатыр десек, артық айтқандық емес.

Жақында Түркістан облысында орын алған оқиға – осы сөзіміздің нақты айғағы. Ауыл тұрғындарының бірінің үйінен табылған бес жасар қыздың азапталған денесі кімнің болсын ашу-ызасын тудырғаны анық. Сараптама бүлдіршінің зорланғанын айғақтады. Күдікті бұрын сотталған 1975 жылы туған азамат болып шықты. Жігіт ағасы жасындағы оның немересіндей қыз баланы айуандықпен ажал құштыруы – адамшылықтан безу. Мұндай әрекетті ешбір сөзбен ақтау мүмкін емес.

Үш жыл бұрын тағы да бес жасар қыз осындай зорлыққа ұшыраған еді. Оны да елуді еңсерген жігіт ағасы жасады. Бар болмысымен қиянатқа қалқан болуға тиіс бұл азамат та өмірдің ақ-қарасынан, зұлымдық атаулыдан мүлде хабары жоқ сәбиді аяусыз қорлап, тағдырын талқандады. Педофилияға ұшырап жатқандардың қатарында екі-үш жастағы сәбилер де бар. Олардың көбі әкесі, өгей әкесі, көрші-қолаңы немесе туыстарынан зардап шегуде.

«Үнсіз қалма» қоғамдық қоры өкілдерінің айтуынша, жылына полицияға педофилияға қатысты 800-ден астам арыз түседі. Ресми статистика бойынша, соңғы төрт жарым жылда Қазақстанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасағаны үшін 1868 адам кінәлі деп танылған. Алайда олардың үштен біріне жуығы

жасаған қылмысына сай жазасын алмаған. Төрттен сәл ғана көп бөлігі, яғни 539 адам, 10 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айырылыпты. Түрмеде жазасын тартып жатқандардың қатары екі мыңның ар жақ, бер жағында.

Бұл статистика биыл Парламент Мәжілісінде өткен әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған жиындағы Нартай Сәрсенғалиев бөліскен деректерден алшақ емес. Депутаттың айтуынша, 2019 жылы Қазақстанда құқық қорғаушылар 2800 зорлаушыны, балаларды зорлаған 1350 педофилді тіркеді. 2021 жылы колонияларда 1861 педофил жазасын өтеген. Сол жылы бас бостандығынан айыру орындарындағы 50 педофил босатылды деген ақпарат тараған. Мұны Ішкі істер министрлігінің мамыр айында берген мәліметі де айғақтай түседі.

Биылғы жылдың осы уақытқа дейінгі көрсеткіші бойынша балаларға қарсы қылмыс жасаған 352 адам ғана пробация қызметінің есебіне алыныпты. 2022 жылдан бері 114 сотталушыға электронды бақылау құралдары қолданылған. Ал, Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, өткен жылы 31 педофилге химиялық кастрация жасалған. Бұл санның содан бері өсе қоймағаны анық. Яғни, көріп отырғанымыздай, көбейіп бара жатқан педофилия тиісті деңгейде жазаланбайды.

Бұған, әрине, заңның солқылдақтығы себеп. Еліміздің тиісті нызамында педофилия деген нақты атау жоқ. Кәмелет жасына толмағандарға жыныстық зорлық жасағандар Қылмыстық кодекстің «Зорлау», «Сексуалды сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері», «Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау» және тағы басқа баптар бойынша жауапкершілікке тартылатыны айтылған.

2019 жылдың соңында Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зорлау қылмысын жасағандарға жазаны күшейту туралы заңға қол қойды. Соған орай кәмелет жасына толмаған балаларға жасалған сексуалды сипаттағы іс-әрекет аса ауыр қылмыс түріне жатқызылып, қылмысы дәлелденген адамға 20 жыл немесе өмір бойы бостандығынан айыру жазасы белгіленді. Алайда, бұл жазаның қолданылуы сирек. Педофилдердің кейбірі небары 3 жылға бас бостандығынан шектелген. Яғни, сәбилерді азғындық жолға итерме-

Ресми статистика бойынша, соңғы төрт жарым жылда Қазақстанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасағаны үшін 1868 адам кінәлі деп танылған. Алайда олардың үштен біріне жуығы жасаған қылмысына сай жазасын алмаған. Төрттен сәл ғана көп бөлігі, яғни 539 адам, 10 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айырылыпты. Түрмеде жазасын тартып жатқандар қатары екі мыңның ар жақ, бер жағында.

леген, кейбірін зорлағандар түрмеге отырмаған, тек пробациялық бақылауға алынған.

Қылмыскерлердің жазадан құтылып кеткен жағдайлары көп болды. Мысалы, Сәтбаев қаласындағы аталмыш жағдайға байланысты қандай жаза қолданылғаны беймәлім. Ал, химиялық кастрация қылмыскер бұл әрекетті бірнеше рет қайталаса ғана жасалады. Оның өзінде дәрігерлермен кеңесе отырып, кастрация қылмыскердің денсаулығына кері әсері тимейтіндігі айқындалғанда ғана жүзеге асырылады.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде бұл шара сирек қолданылады. Сонымен қатар, жазасын өтеп келгендерге ол қолданылмайды. Статистикаға сәйкес, 97% жағдайда педофил бостандыққа шыққаннан кейін бірінші жыл ішінде балаға екінші рет қайта шабуыл жасайды екен. Демек, педофилия

жалғаса бермек. Сондықтан зорлаушылар біздің елімізде еркін өмір сүреді. Мұндай қылмыс сирек болатын кеңестік дәуірде оны жасағандар өлім жазасына кесіліп немесе ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылатын еді.

Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, БАҚ-қа белгілі болған зорлық-зомбылық істер ғана сотқа жетеді. Халықтың ашу-ызасы болмаса, қылмыскерлердің ізі суып, іс жабылып қалады. Сондықтан халық педофилдердің жазаланатынына сенбейді. Сарыағаш өңірінің тұрғындары жасаған әрекеттен де осы сенімсіздік анық аңғарылды. Жергілікті халық үш жыл бұрынғы Сәтбаевта болған оқиға секілді педофилияға күдіктіні полициядан қайтарып алуға, оның жазасын өздері беруге әрекеттенді.

Осы жағдайдан кейін көптеген азаматтар өлім жазасын қайтаруды талап ете бастады. Бұл талаптың орындылығын бірқатар заңгерлер де құптауда. Мәселен, белгілі заңгер

аурулар біздің сау болашағымызды талқандап жатыр! Сол науқастардың кесірінен өмір сүру, бала табу күннен-күнге қорқынышты боп барады. Ондай ауруларды қоғамнан алшақтау керек! Тіпті қара нан мен қара судың өзін ондайларға беріп, асыраудың қажеті жоқ! Балаға қарсы қылмыс, бала зорлау фактісіне ізгілік, гуманизм танытудың көк тиынға керегі жоқ! Ол баптар бойынша заңды барынша қатайту керек!» – деп жазды.

Тағы бір белгілі адвокат Думан Көпбаев та осындай ұстанымда. Ол: «Педофилдерді өмір бойына бас бостандығынан айыру керек. Елімізде педофилдерге жаза жеңіл. Ал өлім жазасын қайтару маңызды», – дейді. Бұлай етпеген жағдайда халық бұл мәселені өзі шешуге мәжбүр екендігін айтады қорғаушы.

Тек қатаң жаза ғана жыныстық зорлық-зомбылықтың бұл толқын тоқтата алады. Бұл – әлемдік тәжірибе. Тіпті, сексуалдық төңкеріс болып, балаларды жастайынан жыныстық қатынасқа үйретуді бастаған Батыс елдерінде мұндай қылмысты жасағандар өлім жазасына кесіледі. Ал Африкада педофилдерді тірідей өртеп жібереді. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап Чехия, Германия және АҚШ-та химиялық кастрациямен қатар хирургиялық кастрацияны енгізген. Бізде де осындай шаралар қарастырылуы керек. Сонымен бірге, елдегі бүкіл педофилдердің аты-жөні нақты анықталып, ақпараттық базада ашық тұруы қажет. Халық олардың аты-жөнін біліп, сақтанып жүруі тиіс. Түркия бүгінде осындай жолмен едәуір нәтижеге жетіп отыр екен.

Алайда мұның бәрі мәселені түпкілікті шеше алмасы анық. Бұл тұрғыда салдармен ғана емес, себеппен де күресу өте маңызды. Жалпы, мамандар пікірлеріне сүйенер болсақ, мұндай қылмысқа әсер ететін факторлар өте көп. Олардың айтуынша, аналардың жүкті кезінде ішімдікке, есірткіге, темекіге үйірлігінен баланың кейбір нейрондарының бұзылуы, балаларға жасалатын сексуалды қысым, әйел алдында өзін көрсете алмау сенімсіздігі осы қадамға жетелеуі мүмкін. Сондықтан педофилия туа бітті де, жүре келе де пайда болатын ауытқу болуы әбден мүмкін. Осының өзі бұл мәселенің жан-жақты зерттеліп, осы мәселемен тікелей айналысатын кәсіби мамандарды дайындаудың өзектілігін көрсетеді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Шығыс Қазақстан облысында алимент төлеуге қатысты 14 мыңнан астам іс қаралды. Бұл туралы ҚР Әділет министрінің Шығыс Қазақстан облысының жұртшылығымен кездесуі барысында белгілі болды.

ӘДІЛЕТ МИНИСТРІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесу барысында Азамат Есқараев ел заңнамасындағы өзгерістер туралы, әділет органдарының қызметі, сондай-ақ сот орындаушыларының алимент өндіріп алуы туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«Шығыс Қазақстан облысында алимент төлеуге қатысты 14 мыңнан астам іс қаралды. Ата-аналық міндеттерін орындамағаны үшін 139 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды, ішкі істер органдарына оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы 77 ұсыным жіберілді, 54 борышкерге республикадан шығуға уақытша тыйым салынды. Борышкердің тұрақты табысы мен мүлкі болмағандықтан, алимент өндіріп алу жүзеге асырылмайды. Осыған байланысты аумақтық әділет бөлімшелері әкімдіктермен бірлесіп, борышкерлерді жұмысқа орналастыру жөнінде шаралар қабылдауда. Бірақ, жекелеген борышкерлер нақты материалдық мүмкіндіктерге ие бола отырып, өз балаларын асырудан әдейі жалтарып, кірістері мен мүлкін жасыратын

жағдайлар да бар», – деп атап өтті Әділет министрі. Азамат Есқараев әділет органдарының 12 бағытын цифрландыруды көздейтін Digital Justice – Цифрлық әділет жобасын іске асыруға жеке тоқталды.

«Ағымдағы жылдың 11 сәуірінен бастап азаматтарға бейнеқоңырау арқылы онлайн форматта «Цифрлық нотариаттық сенімхаттарды» рәсімдеуге мүмкіндік беретін пилоттық жоба басталды. Қазірдің өзінде 3836 сенімхат берілді. Мүлікке иелік етуге байланысты сенімхаттарды қоспағанда, сенімхаттардың барлық түрлері азаматтарға eGov Mobile қосымшасында қолжетімді.

Енді азаматтар үйден немесе кеңседен шықпай-ақ, нотариаттық қызметке байланысты заңды сұрақтарға жауап ала алады. Нотариустар кез келген сұраққа жауап береді, бұл уақытты үнемдеуге көмектеседі», – деді Азамат Есқараев.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ТЕНДІГІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында құқықтық мемлекеттің маңызды өлшемі бейтарап және әділ сот төрелігі болып табылатынын атап өтті. Сот қарсылас болуы керек, ал судья айыптаудан босатылуы керек. Ол үшін адвокат пен прокурордың теңдігін қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттің басты байлығы – адам, адамның құқықтары мен бостандықтары. Олардың қорғалатынына мемлекет кепілдік береді (12-баптың 1-тармағы).

Конституцияның 77-бабына сәйкес, адам өзінің кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен танылғанға дейін қылмыс жасағаны үшін кінәсіз болып саналады. Конституцияның 16-бабының 3-тармағына сай, адам қорғаушының көмегін айып тағылған сәттен бастап пайдаланады, алайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне айып тағу сатысы көзделмеген.

ҚПК-нің 23-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылуы тиіс, осы баптың жетінші бөлігі қылмыстық процеске қатысушы тараптардың тең құқылы екендігін және өз ұстанымын қорғауға тең мүмкіндіктер берілгендігін белгілейді. Сот процесік шешімді тек дәлелдемелерге ғана негіздейді. Сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде, ҚПК-ге сәйкес, дәлелдемелерді тек сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары жинайды, ал қорғаушы тарап тек нақты деректерді жинайды. Бұл адвокаттың тәуелсіздігін және оның прокурормен теңдігін төмендетеді.

Айта кету керек, қылмыстық процесс тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы қағидатын сақтауды қамтамасыз ететін нормалар Германия, Франция және АҚШ сияқты елдердің заңнамаларында белгіленген, мұнда қорғау және айыптау тараптары сотқа дәлелдемелер ұсынады және олардың рұқсат етілуі мен жеткіліктілігін жария түрде негіздейді, ал судья жиналған дәлелдемелерге әділ баға береді және адамның кінәсін анықтайды.

Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,
Қарақия аудандық сотының сот әкімшісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Көргені жақсы көш бастар

Американың белгілі өнертанушы ғалымы Лерой Эймс «Көшбасшы – басқалар көргеннен көп көретін, басқалардан артық көретін және басқалар көрмей тұрып көретін адам» деген екен. Бүгінде алпыстың асқарына шығып, өзінің қабілет-қарымымен айналасын мойындатқан Бек Әметұлы да – көшбасшылығымен көптің ілтипатына бөленген жан. Әріптесіміздің өмір жолы өнегеге толы.

Құқық қорғау, сот саласында қызмет етуді жастайынан мақсат еткен Бек Әметов арманына жету үшін қиындықтан қашпады, кедергіден қорықпады. Бек Әметовтің заң, құқық, сот, прокуратура саласындағы мамандарды әзірлеудің қара шаңырағы, жалғыз ұстаханасы ҚазҰУ-ге қабылданып, «құқықтану» мамандығы бойынша білім алуы – оның арманына аяқ басқандағы алғашқы жеңісі.

Еңбегімен ер сыйлы

Халықтың ардақты ұлы, аяулы перзенті Дінмұхамед Қонаевтың



мінез танытатындар қатарынан емес. Бекзат өнермен өзі де қызыға шұғылданады, өзгелердің де спортқа жақын болуына ықпал етеді. Төрағаның судьялар спартакиадасында жасындай жарқырауы сот ұжымына ерекше күш, үлкен мотивация беретінін де айта кетуіміз керек. Соның арқасында батыс өңіріндегі бес облыстық сот арасында өткен іріктеу жарысында Маңғыстау облыстық сотының командасы екінші орын алып, республикалық судьялар спартакиадасының жолдамасына ие болды. Ал осы жеңімпаз команданың басында тұрған төрағаның өзі билырдтан жүлделі орынды иеленіп, жеңіс қоржынына бір медаль қосты. Бұл да – Бек Әметұлын өзгелерден даралайтын, басқалардан шоқтығын биік ететін дара қасиеттердің бірі.

Халық келіп-кеткенді емес, беріліп қызмет еткенді сыйлайды

Бек Әметұлы – нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Азаматтық тұлғасы, адами болмысы ерекше. Әділін айтып ақ сөйлейтін, тұрасын айтып тұғанына бұрмайтын принципшіл әріптесімізді сырлығы болмаған кейбір адам қатаң мінезді, қатал кісі деп қалуы мүмкін. Алайда жүрегі жұмсақ,

Бұған қоса, жаңа технологияның дамуы көп жағдайда адами факторды азайтып, жұмысты компьютер, роботтарға жүктеуге бағытталған. Мұндай ізденіске заманауи жетістік деп қуанғанмызбен, өзгеріс өңірдегі жұмыссыз халықты көбейткенін мойындауымыз керек. Міне, соның салдарынан соңғы жылдары әлеуметтік жағдайдың төмендігін, жұмыстың жоқтығын алға тартқан халық жиі шағымын айтып, құзырлы органдардан көмек күткен болатын. Наразы жұрт өз ренішін бейбіт түрде шешіп, түсіністікпен тарқай қоймайды. Осындайда Бек Әметұлы ешқандау дауларының шиеленіссіз шешілуіне барынша ықпал етіп келеді. Өкпелі халықтың алдына шығу, ашуын басу, ақылға келтіру үшін де өзінді тыңдата білу, сөзіне иландыра алу керек. Әсіресе, басқаның емес, төрағаның жеке қабылдап, мәселесін тыңдап, құқықтық кеңес беруі көптеген еңбек дауларының ортақ мәмілемен шешіліп, жағдайдың шиеленіспеуіне әсер еткенін айта кеткеніміз жөн. Сот ғимаратынан көңілі тоқ болып, төрағаның қарым-қабілетіне риза болып шыққан аймақ тұрғындарын көру бір ғанибет. Бек Әметұлын халықтың сыйлайтыны да сондықтан. Өйткені қарапайым жұрт келіп-кеткенді емес, беріле қызмет еткенді қадір тұтады.

Абырой – адал еңбек жемісі

Бек Әметұлы әлеуметтік желілерді жіті қадағалап, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сын-ескертпелерді де назардан тыс қалдырмайды. Бұл дұрыс та. Себебі бүгінгі өмірімізді әлеуметтік желілерсіз елестету мүмкін емес. Төрағаның Маңғыстау соттарына қатысты өкпе-реніш, сын айтқан тұрғындарды арнайы шақырып қабылдауы да – халыққа жақын екенін білдіретін бір белгі. Бұл сонымен бірге төрағаның көпшілік пікірімен санасатынын, сот жұмысын дамытуда тұрғындар лебізіне көңіл аударатынын көрсетеді.

Әріптесіміздің білікті заңгер, тұрашыл судья екеніне бұрыннан сырттай қанық болсақ та, оның отаншыл жан, өз саласының нағыз патриоты екенін қызмет бабында қоян-қолтық араласып, сот саласындағы реформаны бірлесіп өткізген осы жылдары терең біле түстік. Қандай қиын іс болса да, «нар жолында жүк қалдырмай» атқаратын аса мұқияттылығы, тиісті заңнамаларды жетік білетіні, сот ісіне қатысты ұйымдастыру жұмыстарын жедел әрі тиімді жүргізетіні ұжымға ерекше ұнады. Төраға сот шешімдерінің әділ болуына, кадрлардың біліктілігін арттыру ісіне баса назар аударды. Сонымен қатар Бек Әметұлы реформа аясында азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға бағытталған жаңашылдықтарды іске асырудың бел ортасында жүрді. «Соттың абыройы – мемлекет абыройы» деп, қол астындағы мамандардың мінсіз қызмет істеуіне бар күшін, тәжірибесін жұмсай білді. Соның арқасында абырой-беделге жетті. Осы жылдар ішінде жасаған қызметі, жанкешті жұмысы үшін III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалінің, «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісінің, «Үш би» құрмет белгісінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатының иегері атанды. Ресей федерациясы Саратов облыстық судьялар кеңесі төрағасының Құрмет грамотасын алуы төрағаның еңбегін сырт жұрттың та ескеретінін көрсетсе керек. Одан бөлек, Бек Әметұлы алған Жоғарғы Сот Төрағасының, Судьялар одағы төрағасының алғыс хаттары мен мерекелік медальдары қаншама?! Соның ішінде әріптесіміз үшін халықтың алғысының, көпшілік батасының жөні бөлек, маңызы жоғары.

Қазақ «Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» деген әдемі сөз бар. Сол секілді Бек Әметұлы да – еліміздің қай қиырында, қай ортада қызмет етсе де көпшіліктің төл перзентіне, ортақ ұлына айнала білген мықты маман. Биыл алпыстың асқарына шыққан әріптесіміздің әлі халыққа берері көп. Ұжымның атынан осы озық ойларын, соны идеяларын жүзеге асыруға жетер ұзақ ғұмыр, күш-қайрат тілейміз. Әділдік таразысы тең тартып, сот саласындағы абырой-беделі асқақтай бергей!

Айжан МОЛБАЕВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

ТҰҒЫРЫ БИІК ТУРА БИ

«Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» деген тағлымды сөзі бар. Бек Әметұлы да дара тұлғаның осы қағидасын өмірінің темірқазығына айналдырған сияқты. Оны әріптесімізбен бірге қызметтес болған, сапарлас болған жандардың пікірінен аңғару қиын емес.

Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жас маман еңбек жолын Орал облысы Тайпақ ауданының прокуратурасында стажер болып бастаған. Ол тұста диплом алған жастардың барлығы өңірлердегі бос орындарға арнайы жолдамамен баратын. Бұл әдіс, бір жағынан, аймақтардағы жұмыс орындарын білікті мамандармен қамтуға бағытталса, екінші жағынан, түлектерді өз мамандығына сай тәжірибесін арттыруды мақсат еткен болатын. Соның арқасында университет бітіріп, диплом алған жастардың қол қусырып құр жүргені болмайтын. Осы жолдама оңтүстіктің өрені Бек Әметұлын батысқа қарай бағыттады. Жас жігіт жолдама қолына тигенде, «Тайпақ ауданы туған жерден жырақ, бұрын естімеген бейтаныс өлке» деген жоқ. Ол үшін алғашқы еңбек жолын стажерлықтан бастау да қалыпты жағдай болатын. Қайта бұл университетте алған білімінді тәжірибеде көрсетуге, талабыңды, қабілет-қарымыңды танытуға берілген керемет мүмкіндік еді. Жас маман бұл мүмкіндікті қалт жібермеді. Соның нәтижесінде біліктілігін жетілдіріп, өзін таныта білген ол Жамбыл қалалық прокуратурасында тергеуші болып жұмысын жалғастырды. Артынша Жамбыл қаласы коммуналдық меншік басқармасының маманы болып ауысқан Бек Әметұлы аз уақытта бөлім бастығы лауазымын иеленді.

Бек Әметұлының еңбек жолы Батыс Қазақстан облысымен, оның ішінде шалғайдағы Тайпақ ауданымен тығыз байланысты. Бұл, бәлкім, алғашқы қызмет, алғашқы қадамның бәрінен ыстық, бәрінен жақын болуымен тамырлас шығар. Осылайша 1992 жылы Тайпақ ауданы прокуратурасының тергеушісі болып қызметін жалғастырған әріптесіміздің сот саласындағы алғашқы еңбек жолы да осы ауданнан бастау алады. Ең алғаш Тайпақ ауданының халық сотында халық судьясы болуға тәуекел еткен Бек Әметұлы – бүгінде қазақстандық соттың барлық даму сатыларынан сүрінбей өткен, үшінші биліктің ілгерілеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан ықпалды тұлғаның бірі.

Жердің құты - жаңбыр,

Елдің құты – азамат

Америкалық танымал заңгер Ралф Нейдер: «Көшбасшылықтың басты қағидасы соңынан еретін адамдарды көбейтуде емес, неғұр-

лым көп көшбасшыны тәрбиелей білуінде» деген екен. Қазақстандық соттағы кадр саясатының өзі көшбасшыларды танып, ел игілігіне қызмет етуіне мүмкіндік беруге негізделген. Бүгінде облыстық, қалалық соттарға төраға болып отырған азаматтардың бекзат болмысына, терең біліміне, ұйымдастырушылық шеберлігіне қарап таңдаудың бекер жасалмағанын пайымдауға болады.

Соның ішінде Бек Әметұлы да өзінің сот саласындағы еңбек жолында білікті заңгер, кәсіби маман, ел ұйытқысы екенін сөзімен де, ісімен де нақты дәлелдеген. Халық судьясы болып аймақ жұртшылығының құрметіне бөленген әріптесіміз Батыс Қазақстан облыстық сотының судьясы кезінде де тура төрелігімен көпшілік есінде қалды. Бұдан кейін

реке жоқ», «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, Қосылып еткен ағаш – орман» деген бабалар даналығына арқа сүйеген төрағаның жақсы істері, жағымды бастамалары әлі күнге ел аузында.

Жақсының жүрген жері – абат

362 әулиенің мекені болған киелі Маңғыстауға қызмет бабымен келіп, халықтың құрмет, ілтипатына бөленіп жүрген азаматтар аз емес. Шындағында халықтың қошеметіне ие болу үшін көп нәрсенің керегі жоқ. «Аға алдында пейілін көрсетіп, іні алдында мейірімін көрсеткен» жандар ел ішінде қашанда бағалы. Себебі «көңіл көңілден су ішеді». Бек

үлкенді құрметтейтін, кішіге ілтипат көрсете білетін, ағайын-туысқа бауырмал, қандай жағдайда да ақты ақ, қараны қара деп нақты айтатын әділетшіл жан екенін алғашқы кездесіп, сөз қағысқаннан-ақ аңғару қиын емес.

Біздің төрағамыз халықпен кездесуден, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен пікірлесуден қашпайтын, өзара диалогқа жақын жан. Оған көз жеткізу үшін алысқа барудың, дәлел-дәйек іздеудің керегі жоқ. Маңғыстау облыстық сотының жұмысын үнемі бақылап жүретіндер төрағаның тұрғындармен жиі кездесіп, қоғамдық қабылдау, кездесулер ұйымдастыруға жіті көңіл бөлетінін байқаған болар.

«Қазақ сөздің қадірін білетін, есті сөзге тоқтап үйренген текті



Батыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөнінде сот алқасының төрағасы, Ақмола облыстық сотының кассациялық сот алқасының төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы қызметін атқарған Бек Әметов алқа жұмысын тиімді үйлестіре білуімен, судьяларды ортақ мақсатқа ұйыстыра алуымен, сот қызметкерлерінің сапалы жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғыза білуімен есте қалды. Осылайша, ол қызметтің басталған сәтінен өзінің біліктілігімен ерекшеленді. Заң талаптарын қатаң сақтай отырып, алған білімін сарқа жұмсады.

Әметовтің сот саласындағы бай тәжірибесі Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы, Маңғыстау облыстық сотының төрағасы сияқты биік лауазымдарды мінсіз атқаруына да айтарлықтай ықпал етті. Төраға болудың маңызы төрде отырумен өлшенбейтінін түсінген Бек Әметұлы облыстық сот ұжымының бірлігі мен берекесін нығайтып, татулығы мен тыныштығын сақтауда көштің басында жүрді. «Бірліксіз істе бе-

Әметұлын да Маңғыстау жұртына жақын еткен көпшілігі, қарапайымдылығы, жауаптылығы мен тиянақтылығы еді.

Кемел шағын, өнегелі өмірін сот жұмысына арнаған әріптесіміз қызмет пен адамдықтың ара жігін білетін жан. Содан болар, төрелік алаңында барынша талапшыл, қатал, принципшіл болғанымен, қызметтен тыс кезде мейлінше жанашыр, елгезек, қамқор. Бек Әметұлының аға буынның пікірімен санасып, ардагерлерге әрдайым көңіл бөліп отыратыны да көрегендіктің белгісі болса керек. Ал білсем, оқысам, үйренсем деген жастарға көзқарасы қашанда он. Жастардың бойындағы жылт еткен жалын мен жарқ еткен ұшқынды көре білетін төраға талантты демеу-ге, талапты ұштауға әрдайым көңіл бөліп, көмегін көрсетіп отырады. Әсіресе, судья болуды армандаған сот қызметкерлерінен Бек Әметұлы ақыл-кеңесін де, қолдауын да аяған емес.

Төрелік алаңындағы қырағы, данышпан, тұрашыл Бек Әметұлының спорт алаңындағы келбеті мүлде бөлек. Әріптесіміз спорт жарыстарын сырттан бақылап, жайбарақат

халық. Жылдар бойы шешілмеген дауларға кейде бір-ақ ауыз сөзбен нүкте қойылып жататыны сондықтан. Өйткені, қамқөңіл жандар жылы сөзге зәру, жылы қабаққа мұқтаж. Сондықтан, қолымыздан келсе, халықтың құқықтық сауатын көтеріп, түзу жолды түсінікті тілмен нұсқай білейік» дегенді судьяларға жиі айтатын төраға өзі бас болып азаматтарды тыңдауды, құқықтық кеңес беруді тұрақты дәстүрге айналдырып үлгерді. Бұл – қоғаммен бірге дамып, заманауи жетістіктерді меңгеруге әрдайым көңіл бөлетін төрағаның халықпен әрқашан да бірге екенінің нақты дәлелі.

Әсіресе, Маңғыстау өңірінде еңбек даулары көп. Халықтың басым бөлігі мұнай саласынан нәпақасын тауып, тіршілігін жасап отыр. Ал табиғаттың байлығы мәңгілік емес. Жылдар бойы тек Маңғыстаудың емес, бүкіл Қазақстанның халқы асырап, игілігіне жарап келген қара алтынның да таусылар, азаяр кезі болады. Мұнайдың азаюы, сәйкесінше, осы салада нанын тауып, отбасын асырап жүрген жұмысшылар санының азаюына әсер етеді. Нарықтың талабы сондай.

БАС ҚҰЖАТ - БАҒДАРЫМЫЗ

Ата заң – құқықтық мемлекеттің бағдарын айқындайтын, халқының қауіпсіздігі мен теңдігіне кепілдік беретін басты құжат. Қазақстан Конституциясының 28 жылдық тарихы бар. 1995 жылы 30 тамызда отандастарымыз тарихи таңдау жасап, бүкілхалықтық референдумда бас құжаттың қабылдануына дауыс берген болатын. Осы бір жауапты, толғансықа толы сәт әр азаматтың есінде болар.

Конституцияның дайындау үшін құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері енген арнайы сараптамалық-консультативтік кеңес құрылған болатын. Үлкен жауаптылық арқаулаған жұмыс тобына қысқа уақытта көптеген озық елдердің Конституциясын зерделеп, оң мен солын салыстыру міндеті жүктелді. Сонымен бірге, өркениетті елдің өрісін кеңейткен озық құжаттарды өзгеріссіз көшіруге қатаң тыйым салынды. Өйткені, жаңа тәуелсіздігін алып, бағыт-бағдарын енді түзеген жас мемлекетке халқының менталитетіне сай келетін, дамуына ықпал ететін пәрменді құжат қажет еді. Артылған үміт ақталғанын уақыт көрсетіп отыр.

Жер шарында 197 мемлекет болса, соның барлығының дерлік арқа тұтар, сүйенер конституциясы қабылданған. Тек бірнеше ел шарифат заңдары мен Конституцияны алмастыратын заңдарын басшылыққа алады. Ал 9 тараудан, 98 баптан тұратын Қазақстан Конституциясына қатысты әлемдік сарапшылардың көзқарасы жоғары. Шетелдік заңгерлер біздің еліміздің Ата заңын «Ең жас конституция», «Ең демократияшыл құжат» деп бағалаған болатын.

Сырт көздің сынынан өткен бас құжат халық арасында да жоғары мәртебеге ие. Жалпы, халқымыздың тәртіпке бас иіп, теңдік пен әділдікті тірлігінің басты мұратына айналдырғанын дәлелдеу артық. Оны тәуелсіздікке дейін халықтың қорғанына айналған көптеген құқықтық құжаттардан да аңғаруға болады. Тарихта алтын әріптермен жазылған Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, аз-Тәукенің Жеті жарғысынан бөлек, Абай атамыз бас болып дайындаған Қарамола ережесінде елді ұйытудың, қоғамның қауіпсіздігін сақтаудың, халық арасындағы тыныштық пен татулықты қамтамасыз етудің құқықтық негізі қаланған. Тарихи заңнамалар сауатты түзіліп, сындарлы орындалғандықтан, елдің сыртын жау, ішін дау алмаған. Бүгінгі Конституция – сол бабалар тәу еткен дала заңдарының лайықты жалғасы.

Егемендік еңсесін тіктеткен елдің өткеніне көз салғанда, 1993 жылы

қабылданған алғашқы Конституцияның ойға оралары талассыз. Бұл құжаттың басты қателігі – халықтың болмыс-бітімін, өмір сүру салты мен қызығушылығын ескермей, өркениетті елдердің Конституциясындағы баптарды тікелей басшылыққа алуымен байланысты. Халықтың талабымен үйлеспеген, елдің пікірімен үндеспеген заңнама уақыт өте келе өзіндік құнын жоғалтады. Бұрынғы Конституцияның да кемшілігі осында.

Ал қазіргі қолданыстағы Конституцияның басты айырмашылығы – оның сапасында. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен ажырамай бірге жүретін құқықтарға қатысты да нормалар енді.

Ата заңның алғашқы бабы «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталады. Бұл – мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі. Ата заңымыз – сонымен бірге әлемге «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Конституция бізге адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауына, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді. Сондықтан да негізгі заңның ұлттық идеологияның күретауы және мемлекеттіліктің түп қазығы екенін мойындауымыз керек. Сәйкесінше, Конституция күнін күнтізбедегі кезекті мереке ретінде жалаң сипатта атап өтуге болмайды. Бұл күн ел дамуының, мемлекет өркендеуінің басты тетігі ретінде дәріптеліп, Конституция күнінің тарихи маңызына, идеологиялық мәніне назар аударылғаны дұрыс. Конституция күні отаншылдықтың, елді сүйіп, құрметтеудің орталығына айналуы тиіс.

**Еркін БАЙБУТАЕВ,
Алматы облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы**

Сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауда маңызды рөл атқарады. Жоғары жауапкершілікті қажет ететін саланың функциясы мен міндеттерін кәсіби машықтанған, қажетті сынақтан өткен, жоғары заңгер білімі бар судьялар атқарады.

АРМАН АЛДАМАЙДЫ

Менің де судьялық лауазымға келуім кездейсоқ емес. Осыдан он бес жыл бұрын еліміздің маңдай-алды оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдап, алғашқы еңбек жолымды осы сот саласынан бастадым. Аса көп болса да, ол кезеңдегі сот жүйесінің, сот қызметін ұйымдастырудың қазіргіден біршама айырмашылығы болды. 2008 жылы Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотына (қазіргі Мамандандырылған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі сот) бас маман-сот отырысының хатшысы болып қабылданып, 2014-2016 жылдары Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында хатшылық қызметімді жалғастырыдым.

Айырмашылығы сол – ол кезеңдерде сот залдарында дыбыс-бейнежазу қондырғылары болмады, сол себептен сот отырысының хаттамасын қолмен жазатынбыз. Техникалық құралдар да жеткіліксіз еді. Жауапкершілікті талап ететін салада қызмет атқару мен секілді жас маманға алғашында ауыр соққанымен, алға қойған мақсатыма жету үшін талай қиын кезеңдерде берген анттымды бұзбай, жүктелген міндеттерді атқарып шықтым.

Сондағы мақсатым – судья болып, құқықтық мемлекетте заңның үстем болуына өз үлесімді қосу еді.

Хатшылық қызмет атқарған кезеңде маған ақыл-кеңес берген аға-апайларым аз болмады. Оның ішінде судья болуыма себепші болған жандар да кездесті. Атап айтар болсам, ұзақ жыл сот саласында қызмет жасап, сот жүйесінде өзінің қолтаңбасын қалдырған, марқұм Әбдіхалықов Нармағанбет ағаның жанында сот отырысының хатшысы болып жүріп қызметтік те, өмірлік те тәжірибе жинадым. Одан кейін де сот саласында абыроймен жұмыс атқарып келе жатқан бірқатар судьялармен жұмыс жасап, олардың сот істерін қарау кезіндегі өзіндік тәжірибесіне қанықтым.

Мықты маман болып қалыптасу үшін білім мен тәжірибенің ұштасқаны аса маңызды. Осы орайда 2011-2013 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік Басқару академиясында білімімді шыңдап, заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алдым. Ол да сот саласындағы мақсатыма жетуде тың серпін берді.

Осылайша, алған білімімді, жиған тәжірибемді, алдыңғы буын өкілдерінен көрген өнегемді пайдаланып, судьялыққа қарай қадам басып, сынақтардан сүрінбей өтіп, 2016 жылы Атырау қалалық соты-



**Әйгерім ҚАРШЫБА,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы**

ның судьясы қызметіне орналастым. Аталған өңірде біршама уақыт қызмет жасаған соң, Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 маусымдағы №607 Жарлығымен Қызылорда қалалық сотының судьясы лауазымына тағайындалдым.

Екі сотта да азаматтық істерді қарадым. Азаматтық істерді қарау барысында сан алуан тағдырлар тартысына өз құқығын қорғау жолындағы азаматтардың талабына, әртүрлі жайттарға тереңірек үңілдім. Түрлі тағдырлар тоғысатын сот алаңында жүрекке ауыр тиетін сәттер жиі болғанымен, оларға барынша салқынқандылық танытып, әділ шешім қабылдауға күш салдым.

Бұл – менің судьялық қызметке келудегі, ең бастысы, өмірлік мақсатымды іске асыру жолындағы оқиғалар тізбесі. Осы арқылы болашақ судьяларға білімді, ұстамды, мінезді болу қажет екенін, сонда ғана алға қойған мақсат орындалып, адам тағдырын шешер кезде қия баспайтынын жеткізгім келеді.

ЖОБА

АНТИКОР ЕРІКТІ БОЛУҒА ШАҚЫРАДЫ

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі азаматтарды «ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ВОЛОНТЕРЛІК» жобасына қатысуға шақырады.

Жобаның мақсаты қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, сондай-ақ жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді және олардың салдарын жою бойынша жұмысты жүзеге асыру болып табылады.

Жобаның әлеуетті волонтерлері белсенді азаматтар, қоғамдық ұйымдар, студенттер, студенттік ұйымдар, зерттеу орталықтары, адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерлер, сарапшылар, мамандар, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор

субъектілері, жеке ұйымдар және т.б. бола алады.

Жоба аясында сіз келесі бағыттар (қызмет) арқылы жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсете аласыз: қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеу және ағарту, Pro bono волонтерлік (кәсіби көмек көрсету) және корпоративтік еріктілік. Атқарылатын жұмыс көрсетілген бағыттармен және іс-шаралармен шектелмейді, еріктілер жеке іс-шараларды немесе жобаның бағыттарына өзі жүзеге асыратын қызмет түріне қарай таңдай алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жеке үлес қосуға ниет білдірушілерге практикалық және әдіснамалық көмек көрсетілетін болады.

Волонтерлерді тіркеу eOtinish, upd.sko@antikor.gov.kz электрондық почтасы, WhatsApp 8 775 247 86 08 арқылы жүргізіледі.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

Биыл Қызылорда облыстық сотының құрылғанына 85 жыл толды. Тарихқа көз жүгіртсек, Қызылорда дербес облыс ретінде 1938 жылы құрылған. 1938 жылға дейін он жыл бойы облыс көлемінде ҚазАКСР Халықтық Әділет комиссариатына бағынысты округтік сот жұмыс істеген.

Округтік сот заңмен белгіленген істерді жүргізу жөніндегі бірінші сатыдағы, ал бағынысындағы халық соттары ісі жөніндегі екінші сатыдағы сот болып бөлек есептелді. Аталмыш соттың құзырына Қызылорда, Қазалы, Арал қалалық және 140 елді мекендерді қамтыған Қызылорда, Шиелі, Қараөзек, Қазалы, Қармақшы, Қарсақпай, Аламесек аудандарының соттары қарады.

Жалпы, кеңестік жүйедегі округтік сот ісін жүргізу бірден дами қоймады. Округтік соттың штаты мейлінше аз болған. Қызылорда округтік сотында қылмыстық және азаматтық бөлімдерді бірге есептегенде небәрі 12 адам ғана қызмет атқарды. Төрағалардың, жетекші мамандардың жиі ауысуы жұмыстың жүйелі жүруіне кедергі келтірген. 1930 жылдың желтоқсан айында Қызылорда округтік халық соты Сыр өңіріндегі әкімшілік-аумақтық бөлініске байланысты таратылып, 1931 жылдан бастап аймақтағы сот істерін Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының көшпелі сессиясы атқара бастады.

Облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі, жоғарыда аталғандай, 1938 жылдың 15 қаңтарында басталды. Бұл күн Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен тікелей байланысты. Сол 1938 жылдың 4 наурызында облыстық сот құрылды. Осы кезеңнен бастап, Қазақстан



Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі уақытта отандық сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті. Егемендік алғаннан кейін Қызылорда облыстық сотының жұмысы бірден жақсарып кетті десек, жалған болар, себебі кіршіксіз еш нәрсе болмайды. Сот жүйесін жақсартуда ғимараттар, жаңа үлгімен жабдықталған сот залдары, компьютерлер, білімді кадрлардың жетіспеушілігі байқалды. Барлық аудандарда дерлік партия, кеңес органдарынан босаған көрнекті ғимараттар соттарға беріле бастады. Қаланың ең көрікті жері – қала алаңында орналасқан әсем ғимарат соттарға берілді. Бұл ғимаратта Қызылорда облыстық, қалалық, мамандандырылған ауданаралық экономикалық, әкімшілік соттары, әділет басқармасы мекемелері орналастырылды.

Өткен тарихты бағалай отырып, облыстық сотта әр кезеңде қызмет атқарған аға буынға құрметіміз шексіз. Осынау ғасырға жуық тарихында облыс соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосып, қоғам және мемлекет

СОТ РЕФОРМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ ЖОҒАРЫ

өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды әділ шешу бағытында небір күрделі, тағдырлы істерге төрелік етті. Бүгінде облыстық соттың судьялар корпусы азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына сүбелі үлес қосып келеді.

Еліміз өз тәуелсіздігін жариялаған жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, елде мемлекеттік билікті заңнамалық деңгейде: заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидаттары енгізілді. Содан бері сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды заңдарды қабылдау, шығару жұмыстары кеңінен жүргізілді.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі қағидаттарының негізгі кепілдіктері Конституцияда қаланды. Осының негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды.

Тәуелсіздік алған жылдардағы реформалар заман ағымына сай кезең-кезеңімен үздіксіз жетілдіріліп отырды. Бұл үрдіс 2000 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді. Арада екі жыл өткен соң мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдамда сот жүйесін жетіл-

дірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды.

Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандарттарға жақындата отырып, қарастыру көзделді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, Президенттің Жарлығымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Қазір сот жүйесінің көп сатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебінің жаңа кодексі қабылданды. Тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды. Сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервис-тер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сан-салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін беріп отыр.

**Аян АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық соты
әкімшісінің басшысы
Қызылорда облыстық Судьялар
одағының мүшесі**

ОРТАҚ МҮЛІКТІ БӨЛУ – ӨТЕ ТАЛАСТЫ, КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал Алматы қаласы Жетісу аудандық сотының 2019 жылғы 1 қазандағы шешімімен талапкер мен жауапкер арасындағы неке бұзылған. Ажырасқаннан кейін талапкер сотқа жүгініп, ерлі-зайыптылар арасындағы даулы пәтерді бөлу туралы ауызша келісімге қол жеткізілгенін, алайда пәтер кепілде тұрғандықтан, олардың медиативтік келісім жасауға және мүлкті ерлі-зайыптылардың біреуінің меншігіне беруге мүмкіндігі жоқ екенін атап өтті. Осыған байланысты, соттан даулы пәтерді заттай беру арқылы мүлкті бөлуді сұрады.

Сот отырысына шақырылған банк өкілі талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. Өйткені, кепілде тұрған даулы пәтерге кредитордың (кепіл ұстаушының) келісімінсіз меншік иелері оларға билік етуге, оның ішінде меншік құқығының режимін өзгерту жолымен билік етуге құқылы емес. Егер кредитордың алдындағы қарыз толық төленген болса, мүлкті бөлуге болады. Ал кепілде тұрған, қарыз бойынша келісімшарт орындалмаған мүлктің бөлінуі мүмкін емес. Сондықтан талапкер банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді өтегеннен кейін және кепіл тоқтатылғаннан кейін ғана кепіл мүлкін бөлу туралы мәселені шешуге құқылы.

Сот талап арызды зерделеп, дау-

лы пәтерді талаптар неке кезеңінде сатып алғанын, меншік құқығын ерлі-зайыптылардың екеуіне де тіркегенін анықтады. Сондықтан ол ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі уақытта даулы пәтер – талапкердің кепіл ұстаушы болып табылатын үшінші тұлға алдындағы міндеттемелері бойынша кепіл нысаны. Ал Азаматтық кодекстің 315-бабының 2-бөліміне сәйкес, егер заңнамалық актілерде немесе шартта өзгеше көзделмесе және кепіл мәнінен туындамаса, кепіл беруші кепіл нысанын меншікке, шаруашылық жүргізуге немесе жедел басқаруға иеліктен шығаруға, оны басқа тұлғаға не өзге де жолмен жалға немесе өтеусіз пайдалануға беруге құқылы. Тек ол үшін кепіл ұстаушының келісімі керек. Ал банктің даулы пәтерді бөлуге қарсылық білдіретіні анықталды, өйткені банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелер осы уақытқа дейін орындалмаған. Заң нормасын басшылыққа ала келе, талапкер Таурат Б.-ның арызы қанағаттандырылмады.

Неке кезінде алынған нысаналы мақсатсыз несие не бөлуге арыз беретіндер бар. Әрине, отбасылық қажеттілікке алынған қарызды ерлі-зайыптылар тең төлеуі тиіс. Алайда оның нақты отбасылық игілікке жұмсалғанын дәлелдеу маңызды. Мәселен, сотқа арызданған талапкердің бірі банктен 600

мың теңге алып, оны уақытында төлемеген. Соған орай банк сотқа жүгініп, қарызды мәжбүрлі түрде орындату туралы сот актісі жеке сот орындаушының өндірісіне түскен. «Берешекті теңдей бөлуді сұраймын» деген талапкер, өкінішке орай, сотта бұл қарыздың жауапкердің келісімімен алынғандығын, несие қаражаты отбасының қажеттіліктеріне жұмсалғандығын көрсететін ешқандай дәлел келтірмеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 348-бабының 1-тармағында борышкердің өз борышын басқа тұлғаға аударуына кредитордың келісімімен ғана жол берілетіні көзделген. Алайда сотта қазіргі уақытта несие берушіден (өндіріп алушыдан) мұндай келісім жоқ екендігі анықталды, сонымен қатар өндіріп алушының соттағы өкілі талапкер несие бойынша міндеттемелерді өз мойнына алғанын және қарызды басқа адамға аудару орынсыз екенін түсіндірді.

Көрсетілген жағдайларды ескере отырып, сот талапты қанағаттандыру үшін құқықтық негіздер жоқ деген шешімге келді. Осыған орай, ортақ мүлікке қатысты арыз жазбас бұрын азаматтар заңгерлерден кеңес алып, өзінің құқығын жан-жақты түсінгені жөн.

Н.БАЙМАХАНОВА,
Жетісу аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Қоқыс – экологиялық мәселенің бірден-бір көзі. Рұқсат етілмеген қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу үшін бүгінде атқарылып жатқан шаралар аз емес. Жауаптылық болмаса, жайбасарлық танытатын қоғамды теріс әрекеттен тыю үшін өткен жылдың маусым айынан бастап әкімшілік құқықбұзушылық бойынша жаза қатайтылған болатын. Соған орай қалдықтарды басқару бойынша экологиялық талаптарды бұзғандарға салынатын әкімшілік айыппұл мөлшері 5 есе ұлғайтылған еді.



ЕЛАМАНДА ОҚЫСТА КӨЗІМІЗ ТҮСТІ ҚОҚЫСҚА

Жаңа өзгеріске сәйкес, қалдықты белгіленген орынға тастамағандарға жауаптылық күшейді. Осылайша, айыппұл көлемі жеке тұлғалар үшін 10 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейін, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар үшін 20 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін, орта кәсіпкерлік субъектілері үшін 30 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін өсті.

Көзден тасалау жер кездесе болды, қоқысқа толтырып тастайтын әдет барлық ауыл тұрғындарында бар десек, артық айтқандық емес. Ағаш-ағаштың түбі, аялдаманың арты, тіпті түбірі үлкендеу шөптің де айналасына дорба-дорба қоқысын тастап кететіндер баршылық. Елді мекендерді кесіп өтіп жатқан шағын өзендердің де жағасы күл-қоқысқа толы. Ол аз десеңіз, мұнда да суда қалқып жүрген құрылыс материалдары мен пластик бөтелкелер, тіпті машинаның дөңгелектерін көру қалыпты көрініске айналып барады. Еламан ауылының қақ ортасында жатқан қоқыс алаңқайы да дәл осындай жағдайдан пайда болғаны анық. Қарапайым ғана қоқыс тастау мәдениетін меңгермеген адамдардың кесірінен болатын экологиялық апаттар туралы аз айтылып жатқан жоқ. Ал сол маңды мекендеген ауыл тұрғындарының денсаулығы мен ойын балаларының қауіпсіздігі, қала, ауыл тазалығы тек әкім мен әкімшілік қызметкерлеріне ғана керек пе? Қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында айналаны қоқыстан тазартып, қажетсіз затты жинайтын тазалық қызметкерлерінің ерен еңбегінің де сұрауы бар екенін бір сәт ойлап көрдіңіз бе?

Ауыз судан тарығып отырған тұрғындардан түскен шағым бойынша барып, қоқыс үйіндісінің үстінен шықтық. Салынып жатқанына 4 жылға жуықтаса да, аяқсыз қалған Еламан ауылының сумен жабдықтау жүйесінің мәселесі шаш-етектен. Енді оған қараусыз қоқыс қосылыпты.

Ауылдың қақ ортасында ыбырсып жатқан қоқыстың көлемі де аз емес. Ескі ауыл мен жаңа құрылыс арасындағы айтарлықтай аумақта шашылып жатқан тұрмыс қалдықтарын қалай болса солай лақтырып, үйіп кеткен сол маңдағы тұрғындардың өздері екені де кәдік. «Көрген кезде жазық жоқ», суретін түсіріп алып, Еркін ауылында орналасқан әкімдікке бас сұқтық. Аталған мәселелер бойынша сұқбат берген Қайнар ауылдық округі әкімінің орынбасары Нұрбол Ерікұлының сөзіне қарағанда, аймақ тұрғындарын алаңдатқан мәселе жеткілікті.

Сонымен шашылған қоқысты түсіріп, суретін сол күні әкім орынбасарына көрсетіп, жекесіне жіберген едік. Жауапты адамдарға көзімізше шұғыл тапсырма берген Н.Есенбаев кешке қарай қоқыс аумағының жиналып жатқанын хабарлап, суретін де жіберіп: «Қайнар ауылдық округіндегі қоғамдық жұмыскерлерге, Еламан, Жалқамыс ауылдарына қарайтын қызметкерлерге ауызша тапсырма беріліп, қоқыс үйінділері жинатқызылды. Бір-екі күнде жүк көлігімен қоқыс полигонына шығарамыз», – деген ақпаратпен бөлісті. Құп делік. Әрине, елдің рұқсат етілмеген орынға қоқыс тастауы заңсыз. Ондай тұрғындарға заң бойынша салынатын айыппұлдың да бар екенін үнемі ескерту маңызды. Жергілікті тұрғындар қоқысты тастарда оны ертең кімнің жинайтынын қаперіне де алмайды. Ал азын-аулақ тиынды талғажау етіп жүрген сол қарапайым тазалықшылардың да біреудің ата-ана, әпке-қарындас, аға-бауыр екенін азаматтардың ойламайтыны өкінішті.

Бүгін тазаланғанмен, ертең көзді ала беріп, ондай аумақтың тағы бір жерден пайда болмайтынына кепілдік жоқ. Сондықтан рұқсат етілмеген, арнайы белгіленбеген орындарға қоқыс (құрылыс, тұрмыстық және т.б.) төгу фактілері анықталған жағдайда, аталған құқықбұзушылыққа жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 505-бабына сәйкес шара қолданылатынын да есте ұстаған жөн. Жалпы, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске сәйкес, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Егер аталған құқықбұзушылықтар әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанып жасалса, онда жеке тұлғаларға 30, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 50, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Айта кетейік, белгіленбеген орынға қоқыс тастау туралы тыйым тек ауыл, кеше арасында ғана емес, қоғамдық орындарда тазалық сақтамайтындар мен жолда кетіп бара жатып машинаның терезесінен қоқыс лақтыратындарға да қатысты. Бір өкініштісі, еңкейгенге ерінетін адамдар қолындағы қоқысты арнайы жәшікке салу туралы ойламайды да.

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

ОҚУШЫЛАР ТЕГІН ТАМАҚТАНАДЫ

Алматыда бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуірде басталды. 2021-2022 оқу жылында Алматы қаласында бірінші сыныпқа 31 046 бала қабылданыса, 2022-2023 оқу жылында өтініш бергендер саны – 32 938.



қажет. Қабылдау жасы – 6 жастан бастап.

2023 жылдан бастап оқушылар мектеп асханаларында тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Бұл тізімге 1-4 сынып оқушылары мен әлеуметтік осал отбасыдан шыққан 5-11 сынып оқушылар кіреді. Бұған дейін мұндай жағдай әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан бастауыш сынып оқушыларына ғана жасалған болатын.

Алматыда оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін 2022 жылы 16 193 орындық 18 білім беру нысаны іске қосылды. 2023 жылдан бастап «Жайлы мектеп» жобасы бойынша республикалық бюджет есебінен 37 мың оқушыға арналған 22 мектеп салу жоспарланған. Осылайша, 2026 жылға қарай оқушы орындарының тапшылығы жыл сайынғы өсімді ескере отырып, қажетті деңгейге дейін төмендейді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

жағдайда кез келген басқа мемлекеттік мектепке де тіркеуге болады. Бірінші сыныпқа қабылдау үшін баланың ата-анасы немесе заңды өкілі жеке өтініш жазуы керек. Сонымен қатар, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін, 026/у-3 үлгідегі денсаулық жағдайы туралы құжатты, 065/у үлгідегі денсаулық жағдайы туралы құжатты және 3x4 өлшеміндегі екі фотосуретті өткізу

Үлгілік қағидаға сәйкес, 1-сыныпқа қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету электрондық форматта «Электрондық үкіметтің» egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Даярлық деңгейіне қарамастан, мектеп маңында (шағын учаскеде) тұратын барлық бала қабылданады. Әрі балаларды мектепке өздерінің шағын аумағы бойынша ғана емес, бос орындар болған

ОРТАША АЙЛЫҚ ЖАЛАҚЫ – 365 502 ТЕҢГЕ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстанда орташа айлық жалақы туралы мәліметтер жаңартылды.

2023 жылдың II тоқсанында Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы, 2022 жылдың сәйкес тоқсанымен салыстырғанда, 17,1 пайызға өсіп, 365 502 теңге болды. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 70 000 теңге болып белгіленді.

Жалақының медианалық мәні – өсу немесе кему ретімен сұрыпталған деректер жинағындағы барлық жалақының ортасындағы жалақы деңгейі. 2022 жылғы осы тоқсанмен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең жоғарғы өсімі байқалған салалар:

ақпарат және байланыс – 36 пайыз, көлік және қойма – 24,6 пайыз, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 23,7 пайыз, көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу – 21,8 пайыз.

білім беруде орташа айлық жалақының өсуі - 10,2 пайыз, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету – 15,6 пайыз.

Алайда, былтырғы екінші тоқсанмен салыстырғанда,

нақты мәнде жалақы көлемі төмендеген салалар да бар. Мәселен:

құрылыс – 3,5 пайыз, тұру және тамақтану қызметтерін көрсету – 2,6 пайыз,

білім беру – 4,8 пайыз, сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету – 0,1 пайыз.

Өңірлік бөліністе, 2022 жылғы осы тоқсанмен салыстырғанда, орташа айлық атаулы жалақының ең жоғарғы өсімі Ұлытау облысында (23,8 пайыз), ең төменгі өсімі Түркістан облысында (12,2 пайыз) тіркелген.

Орташа айлық жалақы туралы ақпарат кәсіпорындар мен ұйымдардың тоқсандық негізде ұсынатын есептік деректері негізінде қалыптастырылады. Жалақы мөлшері кәсіпорындардың есептелген жалақы қорының сомасын кәсіпорын қызметкерлерінің нақты санына бөлу арқылы есептеледі. Бюро жариялайтын орташа жалақы туралы ақпарат бір қызметкер жалақысының орташа мөлшерін көрсетеді, яғни барлық қосымша ақыларды, үстемеақыларды, сыйақыларды, салықтарды және зейнетақы аударымдарын қоса ала отырып есептеледі.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

БІЛГЕН ЖӨН

АЛАЯҚТАР АЙЛАСЫН АСЫРЫП ЖҮР

Дәл қазір елімізде алаяқтық қылмысының саны көбейіп тұр. Дегенмен, құқық қорғау орындары қол қусырып қарап отырмай, оның алдын алуға барынша тырысуда. Халықтың қаржылық, құқықтық сауатын көтеріп, алаяққа жем болмау, оңай жерде олжа жоқ екенін түсіндіру бойынша қолға алынған іс-шаралар – сөзіміздің дәлелі.



Мәселен, жақында Жетісу облысы ПД бастығының орынбасары Мақсат Ережепов құқық қорғау органының әлеуметтік желідегі парақшасында жазба жариялады. Онда «ҚР ІІМ және облыс полициясы интернет-алаяқтықтың алдын алу және ескерту бойынша барлық тиімді шараларды қабылдауда. Осы мақсатта алаяқтықтың құрбаны болған немесе болуы мүмкін азаматтарды хабардар етеміз. Несие саласындағы алаяқтық туралы қылмыстық істер бойынша жәбірленуші азаматтық сот ісін жүргізуде алаяқтық әсерінен жасалған банктік қарыз шартына шағымдануға құқылы екенін білуі қажет. Азаматтық кодекстің 157-бабының 2-тармағына сәйкес, мәміленің нысанын, мазмұнын және мәмілеге қатысушыларға, сондай-ақ олардың осы кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде белгіленген негіздері бойынша ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған кезде мәміле жарамсыз деп танылады. Сондай-ақ алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілені, сондай-ақ басқа тарап пайдаланған жағдайларға қарағанда адам өзі үшін мүлде тиімсіз, ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болған мәмілені (кіріптарлық мәміле) сот жәбірленушінің талабы бойынша жарамсыз деп таныу мүмкін» деп жазды.

Сондай-ақ, мұның құқықтық салдарын арнайы баптармен де көрсеткен. «Бұл ретте, азаматтық сот ісін жүргізуде қылмыстық іс бойынша талап-арызды қарау барысында Қылмыстық процестік кодекстің 24-бабының шарттары қамтамасыз етілген жағдайда ғана оң нәтиже болуы мүмкін. Яғни, қылмыстың барлық мән-жайлары анықталған кезде және банктің қауіпсіздік жүйесінің жетілмегендігіне байланысты несиені рәсімдеуі белгілі болған кезде (мобильді телефонда зиянды бағдарлама орнатылған, сол арқылы алаяқтар өздері несиені рәсімдеу кезінде қатыспаған және т.б.) хабарласқан уақытында қылмыскерлерді анықтау жеңіл» дей келіп, соңғы кездері алаяқтар арасында ең жиі кездесетін әрекеттерге де тоқталған.

«Интернет-алаяқтық қылмыстарын тергеу практикасынан белгілі болғандай, алаяқтардың негізгі құралы «дропперлер» деп аталатын үшінші тұлғаларға төлем карталарын ресімдеп, кейіннен қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру немесе аудару кезінде оларды пайдалану болып табылады. Дропперлер (немесе дроптар) – бұл банк карталарынан заңсыз ақша алудың схемаларына қатысатын адамдар. Термин ағылшын тіліндегі «drop» сөзінен шыққан, ол сөзбе-сөз аударғанда «лақтыру» дегенді білдіреді. Банк картасынан қаражат заңсыз есептен шығарылған жағдайда, картаны бұғаттау үшін дереу банк бөліміне және полицияға хабарласу қажет», – дейді Мақсат Ережепов.

Қазір желіде отырмайтын адам аз екенін ескерсек, сенімді өкілдің мұндай мәлімдемесі талай адамды сақтандыруға ықпал етері анық.

Жалпы, жаңадан құрылған облыс болса да, өңірдегі қылмыстың саны, ашылу деңгейі көңіл қуантады. Мәселен, өткен жылы Жетісу облысы бойынша жалпы 2 мыңнан астам қылмыс ашылып, іздеуде жүрген 89 қылмыскер құрықталған. Осы мезгіл ішінде із-түзсіз жоғалған 41 адам анықталып, заң бұзушылық көрсеткіші де

айтарлықтай азайған. Мұнда аса ауыр қылмыс 4,7 пайызға, ұрлық 8,7 пайызға, бұзақылық 29 пайызға төмендеген.

Талдықорған қаласындағы халықпен кездесуінде облыстық ПД басшысы, полиция генерал-майоры Атығай Арыстанов мал ұрлығы мен ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстарының көбейіп тұрғанын айтқан болатын. Мәселен, өткен жылы облыста 915 алаяқтық іс тіркеліп, бұл өңірдегі жасалған жалпы қылмыстар санының 20 пайызын құраған. Оның ішінде 446-сы – интернет арқылы жасалған алаяқтық. Алаяқтық қылмыстарының жартысына жуығы ашылған. Облыс мамандары жыл санап алаяқтық қылмыстарын барынша ашу көлемін арттыруға машықтанып жатқандарын айтуда.

«Бүгінде заман талабына сай түрлі ақпарат алуды, банк аударымдарын жасауды интернетсіз елестету мүмкін емес. Алайда осындай мүмкіндіктерді қылмысқа пайдаланып, жұртты алдап-арбауға, олардың есеп шоттағы ақшасын жымқыруға пайдаланатын әккілер саны күн санап артуда. Олар азаматтарға хабарласып, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке адамдардың деректерін алуға талпынады. Осыдан соң ақшасын аударып әкетеді. Әрі біреудің атынан онлайн несиені рәсімдейді. Қазіргі өзекті әрі маңызды мәселеге айналған мұндай қылмыс жасағандарды табу өте қиын. Мен осы кездесуді пайдаланып, тұрғындардан өз мүлкінің сақталуына неғұрлым жауапты болуын, үйлерді заманауи технологиялармен жарақтандыру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауын сұрағым келеді. Сонымен қатар, автокөлік құралдарының жүргізушілерін жол қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтауға және өз өмірі үшін ғана емес, өзгелердің қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті естен шығармауға шақырамын», – деген еді Атығай Ғазымбекұлы.

Департамент басшысының айтуынша, Жетісу облысы бойынша үш айдың ішінде 33 интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Бұл республика аумағында тіркелген 1617 алаяқтықтың жалпы санының 37,2 пайызын құрайды. 33 интернет-алаяқтықтың 31-і Талдықорғанда, Текелі қаласында және Көксуда бір-бір қылмыстан тіркелген. Облыстағы құқық қорғау мамандарының түсіндіруінше, алаяқтар көбінесе WhatsApp мессенджеріндегі қоңырауларды пайдаланады, өйткені мұндай қоңырауларды бақылау қиын. Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттары пайдалану арқылы да жасалады. «Инстаграм», «Телеграм», «Фейсбук», «ВКонтакте» әлеуметтік желілері арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде де азаматтар жиі алаяқтардың құрбанына айналуға. Сонымен қатар, алаяқтардың көбінесе қымбат заттарды өте төмен бағаммен сататынын, осылайша сатып алушыларды өзіне тартатынын айтады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрінің алдын алу үшін облыста көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі – қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS-хабарламалар тұрғындарға жіберіле бастады. Сондықтан алаяқтардан абай болыңыз!

Қуаныш ӘБІЛДАҚЫЗЫ, «Заң газеті»

Күнделікті өмірде жеке және заңды тұлғалар үнемі мемлекеттік органдардың қызметіне жүгінеді және олармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Бұл қатынастардан даулар да туындайды. Осы ретте мемлекет атынан өкілеттік ететін басқару органы қызметінің ерекшелігі ескеріліп, азаматтар мен заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сотта қорғалу құқығына кепілдік берілуі тиіс.

СОТ ШЕШІМІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Сол жария-құқықтық қатынастарда адам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі тетігі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте дәйектелген. Бұған дейін мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік-бұқаралық даулар жалпы немесе арнайы экономикалық соттарда, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер әкімшілік соттарда қаралып келген еді. Жаңа кодекске сәйкес, жария-құқықтық даулар жаңадан құрылған мамандандырылған әкімшілік соттарда қаралуда.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс «әкімшілік орган» түсінігін бекітті, оған мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қатар, құрамына әкімшілік актінің қабылдауға, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасауға уәкілеттік берілген мемлекеттік заңды тұлғалар, басқа ұйымдар кіреді. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары болып табылады.

Енді жаңа кодекстегі нормалардың жаңашылдықтарына қысқаша тоқталып өтсек. Кодекске сәйкес, міндетті сотқа дейін реттеу тәртібі енгізілген. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін төменгі тұрған орган арқылы жоғары тұрған органға шағым берудің оңайлатылған тетігі қарастырылған, яғни, азаматқа жоғары тұрған органды іздеудің қажеті жоқ, ол шағымды шешім қабылдаған органға жібере алады. Шағым әкімшілік акті, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымданып жатқан әкімшілік органға не лауазымды тұлғаның атына беріледі.

Әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым әкімшілік органға, лауазымды тұлғаға әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік актінің қабылданғаны немесе әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш ай-

дан кешіктірілмей беріледі. Шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнді құрайды. Шағымды қарайтын орган шағымды қарап, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) әкімшілік актінің күшін жою туралы;
- 2) әкімшілік актінің күшін жою және жаңа әкімшілік актіні қабылдау туралы;
- 3) әкімшілік әрекеттің жасалғаны туралы;
- 4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
- 5) әкімшілік істі әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға жіберілген бұзушылықтар мен оларды жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіле отырып, әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға жіберу туралы шешім қабылдау туралы;
- 6) шағымды қараусыз қалдыру туралы шешімнің бірін қабылдайды.

Сотқа жүгінуге шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарастырғаннан кейін жол беріледі. Егер де азамат мемлекеттік органның шешімімен келіспесе, сотқа талап арызбен жүгінсе жеткілікті. Бұл талаптар «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша қаралады.

Заңға сай, мемлекеттік орган тек жауапкер болады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс. Бұған дейін осындай даулар бойынша бұл міндет талап қоюшы тарапқа жүктелген болатын. Жаңа құжатқа сенім құқығын қорғау, пропорционалдылық, құқықтардың басымдығы, ресми талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, соттың белсенді рөлі, сот талқылауының ақылға қонымды мерзімі, т.б. қағидаттары енгізілген.

Кодексте соттың белсенді рөлі артып отырғандықтан, өз кезегінде сот тараптар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қалмай, дауды шешуде маңызға ие барлық мән-жайларды жан-жақты, толық әрі объективті зерттейді. Сот өз бастамасы бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдемелер жинауға құқылы. Сонымен қатар, жаңа заң аясында судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негізде-мелер бойынша

өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Тағы бір жаңашылдық – заңда татуластыру рәсімдерінің кеңінен қолданылуы қарастырылған. Егер тараптар дауды татуласу, медиация не партисипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалады. Оған екі жақ не-

месе олардың өкілдері қол қояды. Судья тараптардың татуласуы үшін қажетті шаралар қабылдай алады, дауды процесс барысында реттеуге көмектеседі. Әрине, бұндай шарттар заңға қайшы келген жағдайда және адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын болса, ондай келісімдерге жол берілмейді.

Кодекстің тағы бір ерекшелігі – процестік мәжбүрлеу шаралары, яғни ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу және ақшалай өндіріп алу көзделген. Ақшалай өндіріп алу сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын, процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайда және әкімшілік іске қатысушы адам сотқа келмеген, сотқа уақытылы хабарламаған жағдайда қолданылады. Кодекске сәйкес, сот өз шешімдерінің орындалуын да қатаң бақылауға алады.

Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті және бұл туралы сотқа хабарлауға тиіс. Егер соттың шешімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаса, жауапкерден сот шешімін орындауға процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алу көзделген, ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Қысқаша тоқталсақ, кодекстің азаматтар мен заңды тұлғаларға ұсынар артықшылығы мол. Айталық:

Біріншіден, тұлғалардың (жеке және заңды тұлғалар) құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ету.

Екіншіден, әкімшілік әділет органында шағымды қарау нәтижесіне шағымдану. Бұл – сот органдарының процесті жүргізудің түбегейлі жаңа әдісі.

Үшіншіден, соттың белсенді рөлі – әкімшілік процестің азаматтық процестен маңызды айырмашылығының бірі. Сот дәлелдерді жинау бойынша бастаманы көтереді, барлық қажетті құжаттарды арыз берушіден емес, мемлекеттік органдардан талап ету мүмкіндігіне ие болады.

Төртіншіден, дәлелдеу жүктемесі әкімшілік актіні қабылдайтын әкімшілік органға салынады.

Жаңа кодекстің азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етудің жаңа тетіктерінің бірі. Ол азаматтардың бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына елеулі үлес қосады деген сенімдемеміз.

А.ИСКАКОВА, Жаңақала аудандық соты әкімшісінің басшысы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

КОНТРАФАКТІЛІК ӨНІМДЕРДІҢ ЗАЛАЛЫ БАСЫМ

Ауыл шаруашылығы – адамзат тарихындағы өмірлік маңызды сала және халықтың үнемі өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыру үшін адам баласы ауылшаруашылық өнімінің сапасын арттыру, сондай-ақ дақылдарды арам шөптерден, зиянды организмдерден қорғау мақсатында пестицидтерді ойлап шығарды.

Пестицидтерді дұрыс пайдалану көптеген ауыл шаруашылығы дақылдары үшін маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, пестицидтердің бұрыс пайдаланылуы жағымсыз салдарға әкеп соғады.

Дүние жүзінде халықтың тұрақты өсуі, жаһандық деңгейде климаттың өзгеруі және ауыл шаруашылығының индустриаландырылуы өсімдіктерді қорғау құралдарының, ең алдымен пестицидтер нарығының өсуіне әкеледі. Пестицидтер нарығының тұрақты өсуі халықаралық ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастықтың назарын өзіне аудармай қоймады. Контрафактілік пестицидтерді пайдалану адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған орта мен экономикалық тұрғыдан азық-түлік өндірісінің барлық тізбегіне қатысатын кәсіпорындардың шаруашылық қызметі үшін қауіп төндіреді.

Біріншіден, мемлекеттік тіркеуден өтпеген өсімдіктерді қорғау құралдары адам өмірі мен денсаулығына

және қоршаған ортаға қауіп төндіреді. Қолдануға рұқсат етілген пестицидтерге қарағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтердің құрамы зерттелмеген. Тіпті мұндай химиялық заттың физикалық-химиялық қасиеттерінің ішінара өзгеруі оның ағзаға токсикологиялық әсерін айтарлықтай арттыруы мүмкін.

Екіншіден, денсаулыққа және табиғатқа қауіп төндіруден басқа, контрафактілік өнімдер азық-түлік өндірісінің барлық тізбегіне қатысатын кәсіпорындардың экономикалық қызметіне де залал келтіреді. Бірінші кезекте, жалған пестицидтерді өз еркімен немесе байқаусызда алған кәсіпорын анықталса, елеулі қаржылық шығынға ұшырайды.

Әлем елдерінің заңнамасына сәйкес, контрафактілік өнімдер тәркіленеді. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен қатаң бақыланады.

С.ҚАЛИҚБАРОВ, ҚР АШМ АӨК МИК Алматы облыстық аумақтық инспекциясының Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы

ШАРА

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТІҢ БӘРІ ТІРКЕЛЕ БЕРМЕЙДІ



Әрбір адам қалтасына қарай көлік тізгіндегіні белгілі. Соңғы кездері елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды істердің бірі – шетелден әкелінген көліктерді Қазақстан мемлекетінде тіркеп, оған отандық нөмір беру. Бұл науқанның техникалық сапасы жоғары әрі бағасы қолжетімді көлік іздегендер үшін пайдасы көп.

Шетелдік көліктерді тіркеу тақырыбына қатысты тағы бір мәселе Еуроодаққа кірмейтін елдерден әкелінген темір тұлпарларды рәсімдеуге кететін шығынмен байланысты. Мәселен, Грузиядан көлік тасымалдап жүрген азаматтардың айтуынша, көлемі 2-3 кубты құрайтын автомобильдерді елімізге тіркеудің өзіне 3,5 миллион теңге шамасында қаражат қажет екен. Көлемі одан үлкендеріне кететін шығын 5 миллион теңгеге жуықтайды. Тіпті, су жаңа

техникаларды рәсімдеудің өзіне 1 миллион теңгедей ақша жұмсайсыз.

Осы орайда Түркістан облысы бойынша 300-ге тарта шетелдік көлік тіркеуге алынды. Өздеріңізге белгілі, елімізде шетелден әкелінген көліктерді тіркеп, қазақстандық нөмір беру бағытында бір реттік акция өткізілді. Ал Түркістан облысында 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елімізге әкелінген және қолданыстағы заңнамаға сәйкес тіркелмеген шетелдік көліктерді

заңдастыру сапалы орындалды. Яғни 2023 жылдың 30 шілдесіне дейін Қазақстанның мемлекеттік тіркеу нөмірін алуға 19 231 өтініш түсті. Оның ішінде 10 615 автокөлік құралы тіркеліп заңдастырылды. Ал 8 616 автокөлік құралын заңдастырудан бас тартылды.

ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, еліміздің аумағына конструкторлық жолмен бөлшектеніп әкелінген шетелдік 250 автокөлік тіркеліп, рәсімделді. Осы ретте Түркістан облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Алмасхан Тастанбекөв «Шетелдік көліктерді уақытша тіркеу туралы» енгізілген өзгерістердің тәртібін түсіндіріп, БАҚ-қа мәлімдеме жасады.

«Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен әкелінген және заңдастырудан өтпеген (іздістірілгендерді қоспағанда) автомобильдерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі жұмысты көрсетілген мерзім өткеннен кейін кері әкету немесе бастапқы тіркеуден өту туралы міндеттеме қойылды. Яғни 5 жыл мерзімге уақытша есепке алу рәсімі енгізіліп, облысымызда осы бойынша жалпы 297 өтініш түсті. Оның ішінде 289 автокөлік құралы уақытша тіркеуге алынып, 8 көлік құралын уақытша тіркеуден бас тартылды», – деп атап өтті.

Өз кезегінде полицейлер заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында көлік құралдарын заңдастыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелері қатаң бақылауда тұрғандығын ескертеді.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

ДАУ МҰРАТЫ – БІТУ

«Медиация туралы» заң даудың заңды шешілуіне, жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға үлкен септігін тигізеді.

Қазір заңдардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, қылмыстық процесті тараптандыру, азаматтардың бітімгершілікке келуін кеңінен пайдалану мүдделі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйым өкілдерімен талқыланып, заңды насихаттау кеңінен қолға алынып жүр.

Бітімгершілік қазақтың табиғатына жат емес. Бұл бұрынғы ата-бабаларымыздың жүріп өткен тарихында болған. Шетел практикасында медиация бұрыннан қолданылады. Көптеген даулы істер сотқа жетпей, осындай бітімгершілік жолмен шешіледі. Сондықтан да мұндай бітімгершілік ел азаматтарының дауын уақыт құртпай, жүйке тоздырмай, тез арада бітіруіне септігін тигізеді.

Қай заманда да қазақ сөзге тоқтаған. Билердің сөзін аяқасты етіп кетпей, ымыраға келген. Бір кездердегі жер мен жерсір дауы, барымта мен қарымта дауы ел ішіндегі от ауызды, орақ тілді

шешендер мен данагөй ақсақалдардың араласуымен әділ шешімін тауып отырған. Сол ұлы дәстүр бүгінде заңнамаға еніп, өмірімізге қайта келді. Ақтөбе қаласының №2 сотында медиация заңын халыққа кеңінен насихаттау тұрғысында әрдайым түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Судьялар мен сот мамандары түрлі телеарна және радио желілерінің тікелей эфирінде сөз сөйлеп, мақалалар жариялап, медиаторлардың қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізіп тұрады. Мәселенің ақ-қарасын анықтауда сот пен медиация арасында айырмашылық көп. Сот туындаған дауды заң тұрғысынан қарайды. Ал медиация заңында екі тараптың мүддесі көзделіп, шешім шығарылады. Екі жақты дау-жанжалға сотқа жеткізбей нүкте қою адамдарды эмоциялық күйзелістен сақтайды деп көрсетіледі заңда.

«Медиация туралы» заңда дау-дамайды бейбіт жолмен шешу жағы қарастырылған. Мұнда айыпталушы өз кінәсін мойындап, шағымданушыдан кешірім сұрап, жәбірленуші жақ та кешіргендігін айтып, істі үлкен мәселеге айналдырмай, тыныш, екі тараптың да ризашылығы болатын-



Нүргүл МЕНДІБАЕВА,
Ақтөбе қаласы
№2 соты әкімшісінің
бас маманы

дай деңгейде бітіруге тырысады. Бұл өз кезегінде медиаторға да үлкен міндеттер жүктейді. Екі жақты бір үстелдің басына әкеп, оларды татуластыру кез келгеннің қолынан келе бермейді. Сондықтан да медиаторлыққа қадам басушының өзіндік жеке пікірі бар, өмірлік тәжірибе жинақтаған, тәрбиелі, білімді болуы керек.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Ақтөбе қаласының №2 сотында 2022 жылдың 12 айында 82 қылмыстық іс медиациялық тәртіппен қысқартылса, 2023 жылдың 6 айында 22 қылмыстық іс медиациялық тәртіппен қаралған. Бұл көрсеткіш яғни, салыстырмалы түрде қарасақ, көңіл қуантады.

Аталмыш заң өз кезегінде соттардың мойындауы жүктемнен азайтып, сапалы сот шешімдерінің көбеюіне және бюджет қаражатын үнемдеуге көмек.

МҰРАГЕРЛІК

7. 02.06.2016 жылы қайтыс болған Ахтаева Пернаим Ахтайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

8. 07.02.2023 жылы қайтыс болған Укитаева Зухра Қайратовнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

ӘРТҮРЛІ

2. Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 09.08.2023 жылғы ұйғарымымен арызданушы «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-не қатысты (БСН 041240001292) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

3. «Fincraft» Инвестициялық үйі» Акционерлік қоғамы, БСН 030640002351, ұйымдық-құқықтық нысаны «Fincraft» Инвестициялық үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып өзгерту арқылы қайта құрылатындығын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 232 үй, 3-қабат.

4. Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №1067 қаулысына сәйкес, «Еңбекшіқазақ ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 101240004815) бөлу және қайта құру ұйымдастырылады. Жоғарыда аталған мекеменің ауыл шаруашылық саласын біріктіру жолымен «Еңбекшіқазақ ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылады (БСН 111240021400). Талаптар бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21А, телефон: 87277572353.

10. «Байғанин аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 060140007873, «Байғанин аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 131040012217, «Байғанин аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, 36 үй. Тел.: 87134523597.

9. Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Д.Қонаев көшесі, 65 үй мекенжайында орналасқан «Талғар ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 120140004832) құрамынан бөліну жолымен «Талғар ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Талғар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Д.Қонаев көшесі, 65 үй, тел.: 8(72774)23889, 87078370112.

11. «Caspian Oiltech Services» (Каспиан Ойлтек Сервис) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 041240003942, өзіне Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Жібек жолы-3 түйік көшесі, 5 үй, индекс 120014, мекенжайы бойынша орналасқан «СырдарьяНефтеСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 071040006152, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық өтініштер екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 0500059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 5 үй, 403а кеңсе.

ТАРАТУ

5. «Сараптама Инжиниринг» ЖШС, БСН 110540002521 (Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 090009, Соколинная көшесі, құрылыс 10А, каб.11), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зашаған кенті, «Көктем» ықшамауданы, Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 113 үй, 79 пәтер. Тел.: 87051563888.

6. «Шабыт 27» ЖШС, БСН 2301400035161, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, индекс 0500000, Алатау ауданы, «Ақбұлақ» ықшамауданы, Мұқаев көшесі, 80 үй.

12. «Бейнеу-Табыс»-тың (БСН 060540025905) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Тобанияз көшесі, 57 үй.

13. «Научно-проектный центр» ЖШС, БСН 200940024196, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 16-63-39, тел. +77085878578.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

14. «Өмірзақ» өндірістік кооперативі, БСН 970340012400, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, «Қарғалы» тұрғын үй кешені, 38К үй, 44 пәтер. Тел.: +77057039292.

15. «САНТЕХ СЕРВИС АҚТАУ» ЖШС, БСН 190440033285, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 112 үй, 12 пәтер, тел.: 87016541609.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772656506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №59 санды)

– Өйткені, мен Құлтастың істеді деп мойнына таққан айыптарына сенбеймін, – әйел баяу ғана сыбырлады. – Мен сені ақылды, тығырықтан шығарар ақиқатты табады деп ойлаймын. Сосын...

– Не?.. – Өзіңді үлкен жүректі, қайырымды азамат деп санаймын.

Қорғаушы жігіт шыбындаған аттай мақсатсыз басын шұлғыды.

– Бұл өте жақсы... иә, бұл өте жақсы байлам. Тыңдашы, мен Құлтасты білмеймін, бірақ сенің жазығың жоғына шынайы сенемін. Әйткенмен, іс насырға шауып барады. Егер маған сені құтқару керек болса, онда мен бәрін білуім керек. Тіпті, саған қарсы келеді, залалын тигізеді деген фактілерді де назардан тыс қалдырмауымыз керек.

– Сенің бәрін қалтқысыз түсінетінің қандай жақсы, – тағы да сыбырлай үн қатты.

– Сондықтан сен маған осы кітапхана қабырғасында жүргендегі тірлігіңнің бүге-шігесіне дейін қалдырмай айтып бересің бе? Ең басынан бастап...

– Менің көзіме шұқымайсың деп сенемін, – деді Бибі креслоға жайлашып отырып жатып. – Мен бір нәрсені білгім келеді, неге оның ең сенімді адамдары өздерін басқаша көрсетті?

– Бәрі мұндайда өз қара басын аралаша, алып қашады.

– Айнымастай жүргендері бопыр ақша, биік абырой, жақсы тұрмысты қуғандықтарынан ғой.

– Солай... Өзің қанша мәрте ақша апарып бердің оған, қандай шаралардан «үнемдеңдер»? – «Жедіңдер» деп айтайын деді де тез аузына келе жатқан сөзді түзеп жіберді.

– Кө-өп... бірнеше мәрте... Тәуелсіздіктің 25 жылдығында, кейін 30 жылдықта көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның арасында нешеме тірліктер бар. Қаптаған кітаптар шығардық, шығатын кітаптардың тізімін мен жасадым, сметасын мен әзірледім... Әрине, өз несібемізді ұмытқан жоқпыз...

Сол жолы министрлік деңгейінде жазушылар пулы бекітіліп, Бибі өзіне ұнайтындарды тізіп алып еді. Оларды бірнеше делегацияға бөліп, Еуропа мен Америкаға, Канадаға сапарлатты. Тіпті, осы аралықта ортаңқол деңгейде жазатын өзінің ауылдас құрбысын жатпай-тұрмай насихаттап, «классик» жазушыға айналдырып үлгерді. Тек соның кітабын шығартты, аудартты, тек соның шығармашылық кештерін өткізді, тек соны ділмәр ретінде сөйлетті... Ақыры жұрт оны елдің бетке ұстар жазушысы екен деп қалды. Сөйтіп, руханиятқа сатқындық жасағаны ең ауыр күнә екенін әлі қаперге алмай отыр.

– Есік қағып, аңдып жүрген кім деп ойлайсың?

Мынаы естігенде әйел селк ете қалды.

– Бүгін үйге таяу маңнан тергеушіні көрдім, көшенің бойында сұраққа алсын...

– Сен оны көрдің, ал мынау есігінді қағып жүрген тергеуші емес қой. – Сұраулы кейіпте қарады.

– Емес... – Яғни, соңыңа түскен басқа біреулер бар.

– Ана әйел де қоңырау соқты ғой, соның салып қойған адамы шығар... – Қай әйел?

– Өлген күйеуімнің әйелі... Оның ажалын мен көреді.

– Ол да бар, бірақ үшінші біреулер ізіңе түсіп жүрген сияқты... ойлан... – Кім болуы мүмкін?.. – Келіншек өзі тап басып айта алмай, мүддірі.

– Сенің тірлігіңе қатысы бар кез келген адам... Әйел көзін төмен сап, алтын жүзікті сүйрік саусақтарын сипалай бір уақ ойлана іркілді.

– Сені әйелің іздемей ме? – Кенет әңгіменің әлпеті күрт өзгерді.

– Қорғаушы қаламақыға өмір сүретін болғандықтан, жұмыс уақытын күндізгі мезеттермен ғана шектеп қоймайды, тун қатып та жүре береді, бұған әйелім үйренген.

– Онда жөн екен... жай болып кетті, қона сал.

Қорғаушы Бибіні «аңдушылардан қорқып отыр ма?» деп ой түйді. Қамқор ниетпен оңаша үйдегі жалғызбасты келіншектің қасында қалып қойды. Оны еркін билеп-төстеуі үшін айлакер әдейі соған итермеледі. Ертеңгілік шай-суын беріп шығарып салды.

– Түстен кейін офиске кел, арамыздағы қатынасты заңдастырып алайық. – Босағанд аттай бере Самат бүгінгі шаруаларын пысықтады.

– Жақсы. * * *

Уәделескен мезеттің мөлшері таяғанда Бибі бара жатқанын ескертпек ниетпен телефон соқты.

– Ал-ло... – Құлағына бөтен ер адамның қатқылдау үні жетті.

– Кешіріңіз, мен Саматқа қоңырау шалып тұр едім, шатасып кеттім бе, әлде?..

дегені жадында. Өзі тектес адамның ұшырасқанына бір жағы қуанған, ал енді ақырында күллі қарғыс пен лагнетке қалды. Бұл бәледен басын аралашай алмайды».

Әбден талығып барып көзі ілінген. Бұрынғысынша кітапхананың ішінде жүр екен, өзі аштырған залдар жарқырап тұр. Өзі құрған пулға енгендер жиылыпты. Кенет сөреде жинаулы тұрған кітаптар құсқа айналып, парақтарын-қанаттарын қағып-қағып ұшты да, бұған қарай тап берді. Келіп бетінен шалғысының ұшымен сойып-сойып өтеді. Басын бүркеніп, бұқпайтайлай берді. Жиналғандардың ешқайсысы ара түспейді. Бұл көмек күте шырылдайды. Сөйтіп, булығы өз дауысынан әлі шошып оянды. Кеудесі атқақтап соғып жатыр екен.

Көрген түсін қайта санасында

қалды. Артқы креслоға жайғастырып, есікті жапты да, білегіне скотч орап тастады. Аузын да желімдеді. Сосын машинаға мінді де, жосылта жөнелді. Ағызған қалпы бірнеше көшені қиып өтіп, бірнеше көшеге бұрылып, кітапхананың алдына таянды. Бұрынғы директордың көлігін танитын күзетшілер, алабақанды ашып жіберді. Машина жүйткіп отырып, VIP қонақтарға арналған есіктің алдынан өтті де, ғимараттың артындағы аулаға қарай айналды. Жан-жағында ағаш өскен алаңқайға адам аяғы келмейтін еді. Бұл манда төңіректі бақылайтын камера да жоқ.

Терезелері тастай қараңғы ақ түсті «Тойота камри» сырт көзге күмән тудырмайтындай оқшау барып тоқтады. Ішінен шыққан жүргізуші байсалды қалпы артқы есікті ашып, жайғасты.

Осы сөз дімкәс жанның жүрегін ептеп жібітті.

– Кім маған шабуыл жасаған? – Сыбырлай сөйледі.

– Арнайы тапсырмамен келген кісі өлтіруші.

Әйелдің өңі қан-сөлсіз бозарып, әрі-сәрі хал кешті.

– Сіздің манго жемісінен аллергияңыз барын кім білетін еді? – Бибінің өңіне қадала қарады. – Сол жұмсап, әдейі жегіздіріп, жан тапсырғаныңызша қарап тұруды міндеттеген.

Науқас айналасындағы саусақпен санарлық таныстарын тез сүзіп өтті. Жеміс дүние мангоны жеп, алғаш аллергиясы ұстағанында қасында Құлтас бар еді. Дәл осылай жедел жәрдем шақырып, жанын аман алып қалған. Дәрігерлер бұл жемістің қатерлі екенін ескертіп, енді қайыра жемеуді мықтап

КІТАПХАНАШЫНЫҢ КҮНӘСІ



– Сіз кімсіз?

– Ме-ен, клиент... – Төте сауалдан абдыраңқырай үн қатты.

– Өкінішке қарай енді басқа адвокат іздегеніңіз жөн. Ол жарты сағат бұрын жол апатынан көз жұмды.

Мыы шың ете қалды.

– Ке... кешіріңіз, сіз кімсіз? – Тілі күрмеле кекештенді.

– Інісімін.

– Арты қайырлы болсын бауырыңыздың.

Телефонның ар жағынан біреу дауыс сап, жылап жатқандай естілді. Бибі қос қолдап шекесін ұстап, отыра кетті. Енді шынында да мен аралда жалғыз адасқан жандай сезінді.

* * *

Сол күні ешқайда шықпады. Бірақ соңғы сегіз жылдағы істеген ісін неше мәрте сүзгіден өткізді, жадындағы жарқын тұстарды көз алдынан көшірді. Жасаған қылмыстары, қылмысты қойып, қасақана момын қандарға істеген қиянаттары өте көп екен. Өктем өмірден қалағанын алу үшін «ә» десе, «мә» дейтін дөкір мінезіне енді киналды. Бәрінің бетін қайтарғанына кісіміп жүретін. Аңдап байқаса – ер кісілер «әйел адаммен дауласып, абуыыр табам ба?» дейді екен, қоластындағыларды «басшымен ырылдасып қайтем?» деген тоқтам тежеген тәрізді.

Тікелей министрдің өзі қолдап, қолпаштап отырғандықтан, осы қарапайым тұжырымды уағында түсінбепті. Әйтпесе мұның да езуін тіліп, тоқтататындар бар ғой. Өзі тек басқалардан ұятсыздау, бетсіздеу болыпты.

«Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығады» деген пайымның пәлсапасымен бетпе-бет ұшырасып отырған жәйі бар. Қазір солардың біреуіне сөз айта ала ма екен, төбе шашын жұлып қолына берсін. Міне, ертең тергеуге шақырады, «істеген қылмысы ауыр» деп саналса, істің тыңдалуына дейін қаматқа ұстау жөнінде прокурордың шешімі шығуы әбден мүмкін. Тергеуші оны жасаймын десе, жасайды – қолында.

Үнемі жымылып жүретін домалақ жүзді, қой көзді Талғаттың кескіні елестеді. «Бала-шағасының бар екенін біле тұра, неге оны жанына жақын тартты? «Отбасымнан ажырастым, сосын осы жаққа қызмет ауыстырдым»

тірілтті. Байыптап қараса, қайсыбір залды заман жағымпазының құрметіне қойғандай. Өңшең арсыздау шалапайларды қолдапты. Әдеттегідей таза еңбекқорлығымен қалам ұстап жүрген момындар сыртқақпайлана берген. Экономикалық қылмысы бір бөлек екен де, руханиятқа жасаған қастандығы – ұлтқа жасаған үлкен қиянат болыпты. Кезінде өзі «классикке» айналдырған құрбысы бұрынғы қарқынынан айырылған, бинтін бұрап қойған қуыршақтай сәт сайын екпіні саябырсып барады.

Ауыр күрсінді. Кеудесін мысық тырнап жатқандай. Бұлар «бірінші – экономика, содан кейін саясат» деген ұранмен өмір сүрді. Сөйтсе, ең бірінші мәдениет болуы тиіс екен. Иманнан жұрдай май былғағандар алақанын жалап қана қоймай, ұысын толтыра аптыға асапты. Мәдениет саласының өзін сондай мәдениетсіздер басқарып кеткен екен. Таяуда құзыретті органның мәліметі назарына ілікті, елдегі сыбайластардың көшін ағарту жүйесі бастап тұр...

Ана облыстағы білім басқармасының басшысы, мына облыстағы білім басқармасының басшысы, ана қаладағы ағарту саласының жетекшісі ұсталып жатқанынан ел хабардар...

Өзі ше? Мамандығы бойынша мәдениеттің өкілі, адамдығы бойынша кім? Кенет әлдеқайдан «Балаларымың көзі жаудіреп жетім қалды. Енді менің қолым жағанда кетеді» деген баялар әйелдің үні талығып жетті...

Жаздың түні қысқа деуші еді – ұза-а-ақ, сибірлеген селкеу байқалмайды. Әрі дөңбекшіді, бері дөңбекшіді. Босағада біреу сүйеніп тұрғандай сезініп, басын жастықтан жұлып алды...

Әбден сарсаңға салып барып, таң атты. Он екі мүшесі салдырап, зорға түрегелді. Шәйін ішіп, бойын ретке келтіріп, қапылған жұрттың арасына беттеді.

Күні бойы сабылып жүріп, автотұрақта көлігінен шыға бергені сол еді, кенет құлақшөкесінен зілмауыр соққы тиді. «Бак» дегенге ғана шамасы жетті де, сылқ етіп буынын жоғалтты. Сол замат жұдырық сілтеген әбілет сүйемелдей үлгеріп, оны қайыра машинасына отырғызды. Сырт көз байқамады, байқаса да, ұға алмай

Бір жақ бүйіріне қисайған әйелді дұрыстап отырғызды да:

– Айқайлап, баяпарланып ақымақтық жасама! – деді нығарлап.

Қатты соққыдан әлі есін жия алмай кілгірген қолы байлаулы әйел тіл қатпады. Көзінің алды қарауытып, айналаны дұрыс көрмеді. Ымырт жайлап, кеш батып бара ма, қанша уақыт өтті – оның бәрін қаперлей алмайды.

– Қара басыңды аралаша, шефқа қарсы айғақ беруші болма! Кітапхананың қаржысы бойынша өзің жауаптысың, жауапкершілікті өзің мойныңа аласың! Ұқтың ба?!

Әйел басын изеді.

Оның ернін жымқыра жабысқан скотчты жұлып тастады да, нойыс дүлей бас бармағы мен сұқ саусағының арасына жағын қысып, кірісін зорлап ашып, әлдебір ылжыраған нәрсені аузына тығындады. Жағымсыз дүниені дәмінен біле қойды – манго. Қыстап, саусағымен өңешіне қарай әрмен итерді. Булығы ауа жетпей жұтынғанда қылқ етіп, өтті де кетті.

Бұл жеміске Бибінің аллергиясы бар еді, енді шамалыдан соң ісініп, алқымы қысып, тұншығады. Әрмен қарайғы халі белгілі – қылғынып өледі.

Мыын байбаламдық ойлар бунап, бұлқынып көрді – әл-дәрмені құрды. Мына дөкір жөнет күшпен өңешіне қарай тығып жатыр...

Осы кезде машинаның есігі ашылып, әлдекім келгендей болды. Одан арғысы жадында жоқ.

Сырттағы беймәлім кісі қаперсіз отырған білеуітті иығынан өзіне тартып, әй-шай жоқ жұдырықпен жағынан қонжитты. Ол әйелді тастай салып, көзі шапыраштана ербеңдей ұмтыла бергенде, екінші қайыра құлақшекеден соққы тиді. Машинадан шыққанында сол жақ шықытынан және бір соққы кетті. Сылқ етіп, шөккен түйедей тізесі бүгілді. Желкесінен бүріп етпетінен жатқызыды да, қолын артына қайырып, кісен салып үлгерді.

– Тырп етпе! Қозғалсаң, атып тастаймын!

Машинаның ішіне үңіліп, булығып жатқан әйелді көрді. Ол қылғына аласұрады.

– Қай жеріңіз? Қазір, қазір... – Білегіндегі скотчты бәкісімен қиып жіберді. Әйел сөйлей алмай дөңбекшіді. Сосын телефонның алды да:

– Достық көшесі, «Керуен» сауда орталығының автотұрағына жедел жәрдем керек, адам хал үстінде, – деді. Одан кейін сол жақ иығындағы рациясын алып, қылмыс үстінде қолға түскен күдіктінің барын, соны әкетуге наряд пен көлік жіберуін сұрады.

* * *

Тікелей өзі жүргізетін қылмыстық іс болған соң, ертеңінде әйелдің жағдайын білмек ниетпен ауруханаға барды. Ақ халат жамылып, палатаға кіріп келген лейтенантты көргенде есін енді жиып бастаған Бибі селк ете қарады. «Мына бәле мында да келді ме?» деген сауал мына сақ ете қалды.

– Қалыңыз қалай, әбержіменіз, – деді тергеуші.

Көзі бозарып, шажырқайдың безіндей айналған әйел үндемеді. Оңаша жатқан оның бойын үрей буып барады.

– Сіздің көрер жарығыңыз бар екен, сәл мүдіргенімізде бәрі кеш болар еді.

шегелеген. Бұдан досы хабардар, басқа ешкім білмейді. Осы жай мына сақ ете түсті.

– Сол адам сізді өлтіруге тапсырыс берген.

«Қамақта отырған экс-министр неғұрлым өзіне қатысты бәледен құтылу үшін сенімді кісілеріне тиісті адамдардың көзін жоюды жүктесе керек. Курстасының да қарсы айғақ беріп қалуы әбден кәдік екенін ескеріп, алдын ала дымын білдірмей үнін өшіруге ұмтылған. Жұмсалған жаналғыш ізін жасырып кетудің жайын ойлаған. Ешкім көрмесе, Бибі өз ажалынан өлгендей болып шығар еді... Әлгі қаражүрек жаны үзілгеніне көзі жеткеннен соң, мұны рөлге отырғызып, тайып тұрмаққа ниеттенген...».

Толғақты қалпы жаман ойларға бой ұрды. Қорғаушы Саматтың да ажалы кездейсоқ емес екенін енді пайымдады. Әрине, ол сотта Бибінің мүддесін қорғар еді.

– Басқан ізіңізден қалмай, күндіз-түні аңдыған. Қапысын тауып, ұрынған кезі сол еді. – Әккі тергеуші күрделі істің куәгерлерін өзінің де назардан тыс қоймай бақылауда ұстағанын іркіп қалды. – Қоғамға белгілі танымал қорғаушының сіздің үйге келгенін, түнеп қалғанын білді. Содан кейін оны өлтіруге шешім қабылдаған... – Полиция батыл болжамын бүкпеді.

Әйелдің тұла бойы қалтырады. Тергеушінің тап басып айтқанына қайран. Тағы бір адамның ажалына себепкер болғанына жүрегі езілді.

* * *

Ауруханадан айығып шыққаннан кейін, ешқайда кетпеу жөнінде қолына қағаз ұстатты. Іс ұзақ тергелді. Араға айлар, жыл түсті, қайта жаңа айлар басталды. Ақыры экс-министр 8, айналдасындағылар 7, 6, 5 жылдан арқалады. Бес жылға кесілгеннің бірі – Бибі. «Нақақтан кетіп бара жатырмын» деп айта алмайды, кітапханашының күнәсі бар еді... Оны іштей мойындаған... Жан-жағына жыланша басын қайқандатып, қаңарымен қара суды теріс ағызған күндері көзінен бұл-бұл ұшты...

... Уақыт өз ауанымен жылжи берді. Одан кейін де орталық кітапхана әдеттегідей жоспарға сай жұмысын қызу жалғастырып жатты. Кездесулер, жаңа шығармалардың тұсаукесерлері, кітап көрмесі, шетелдік іссапарлар, форум, конференция...

Директордың алдында тұрған жеке телефоны сыңғырай жөнелді. Қызмет бабымен күніне неше мәрте шылдырлайтын. Алтын жүзікті сүйрік саусақтар тұтқаны көтерді.

– Сәлеметсіз бе? – Дауысынан жазбай таныды, министрліктегі өздеріне жетекшілік жасайтын басқарма басшысы.

– Қайырлы күн!

– Басшылық жұмыстан босату жөніндегі өтінішіңізді алып келуіңізді сұрап жатыр...

Директор жүрегіне біз қадалғандай сұлық отырып қалды. Көкейінде өзін осы қызметке ұсынған сенатор тұрды...

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ

Оқиға ойдан құралған, ұқсастықтар болса, кездейсоқтық деп санағандарыңыз жөн.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнур СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location and Name. Includes Astana, Almaty, and Baitis Kazakhstan.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедов көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.